COVID-19
ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ
1406, +7 (7172) 768 043

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

Qazaq

№ 21 (1124), 24 мамыр, 2022 жыл
Республикалық қоғамдық-саяси газет

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН
КОНСТИТУЦИЯ 2022
5 МАУСЫМ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

qazaq1913.com | +7 (701) 505 48 48 | +7 (777) 797 77 88 | kazakh_2006@mail.ru | qazaq gazeti | qazaq gazeti | qazaq1913_ | qazaq gazeti

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен
Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266-санынан бастап қайта жаңғыртты

03
АУЫЛДАН ШЫҚҚАН 1 МЫҢ БАЛА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ МЕКТЕПТЕРІНДЕ БІЛІМ АЛАДЫ

ТАЕКВОНДОДАН ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК 30 ТӨРЕШІСІ САПЫНА ЕНГЕН ҚАЗАҚ
05

...СУДЬЯЛАРДЫ ІРІКТЕУ ҚАҒИДАТТАРЫН ЖЕТІЛДІРМЕЙІНШЕ, ОСЫ БАҒЫТТА ЖАСАЛҒАН БАРЛЫҚ КҮШ-ЖІГЕР ТИІМСІЗ БОЛМАҚ. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ЕКІ МЫҢНАН АСТАМ СУДЬЯ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖАТЫР. ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ БАСҚА САЛАЛАРДАН КЕЛГЕН 50-ГЕ ЖУЫҚ ЗАҢГЕР-ПРАКТИК СУДЬЯ БОЛДЫ. ІЛГЕРІЛЕУ БАР, БІРАҚ ЖЕТКІЛІКСІЗ. БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖЕДЕЛДЕТУ КЕРЕК...

БИЗНЕСКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ПРЕЗИДЕНТ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

■ Қасым-Жомарт Тоқаев: «Құқық қорғау органдары тарапынан жасалған әрбір рейдерлік әрекет немесе негізсіз қысым жасау дерегі Бас прокурордың жеке бақылауында болуға тиіс...»

Өткен аптада Ақордада ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық бизнес өкілдерімен кезекті кездесуі өтті. Мемлекет басшысы бизнестің өзекті мәселелерін талқылау жақсы дәстүрге айналып келе жатқанын айтты. Президенттің айтуынша, қаңтар айында болған кездесуден кейін елімізде және әлемде талай нәрсе өзгерді. Ал, ел келешегі экономиканың мықты болуына байланысты және кәсіпкерлер мемлекет мүддесін жоғары қоя білуі керек. «Мен, ең алдымен, бір мәселені нақты айтқым келеді. «Ойын ережесі» әділ әрі бәріне бірдей болатын ашық экономика саясаты жалғасады. Бұл – менің берік ұстанымым. «Майшелпек орындар» мен жайлы қызметтерді үлестіруге жол берілмейді», – деп кесіп айтты Мемлекет басшысы.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

■ «БИЗНЕСТЕ АСЫРА СІЛТЕУГЕ МҮЛДЕ БОЛМАЙДЫ»

Президент бизнеспен жұмыс істеуде ескі тәсілдерге жол берілмеуі керектігін атап өтіп, құқық қорғау органдары қызметіндегі кемшіліктерді сынға алды.

«Науқаншылдыққа салынып, асыра сілтеуге мүлде болмайды. Егер мұндай оқиғалар анықталса, арнайы тексеру жүргізіледі. Тиісті баға беріледі. Жолдауымда бизнеске заңсыз кедергі келтіру мемлекет мүддесіне қарсы бағытталған қылмыс ретінде қарастырылатынын айттым. Бұл – Бас прокуратураның міндеті. Әрине, алаяқтармен күресу қажет. Оған дау жоқ. Бірақ, артық қыламын деп, тыртық қылмау керек», – деп ескерту жасады Қасым-Жомарт Тоқаев.

02-бетте

АТА КӘСІП – ҰРПАҚҚА НӘСІП

ЖЫЛҚЫ ЕТІН ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШЫҒАРУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

■ Қамбар ата түлігінің саны жөнінен Қазақстан әлемде алтыншы орын алады, алдымызда АҚШ, Мексика, Бразилия, Моңғолия және Қытай тұр

Ұлттық статистика бюросының 2021 жылғы мәліметінше, Қазақстанда 3,1 млн бас жылқы бар. Осылайша, еліміз Қамбар ата түлігінің саны жөнінен әлемдегі он елдің қатарына енеді. Алдына АҚШ, Мексика, Бразилия, Моңғолия, Қытай елдерін ғана салады. Дегенмен, ұшқан құстың қанаты, шапқан тұлпардың тұяғы талатын байтақ даламызда жылқы санын арттырудың да мүмкіндігі мол. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары елдегі жылқы санының 3,6 млн бастан асқанын ескерсек, жері бізден 40 пайызға аз Моңғолияның алдына шығып, жылқының саны бойынша әлемде үздік бестікке енуге де қауқарымыз жетеді. Ол үшін мемлекеттік деңгейде жылқы шаруашылығын мықтап қолға алу керек. «Qazaq» газеті бүгін жылқы шаруашылығының қазіргі ахуалына тоқталады.

Жасұлан МӘУЛЕНҰЛЫ

■ СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА ЖЫЛҚЫ САНЫ ЕКІ ЕСЕГЕ КӨБЕЙДІ

Рас, биліктің елдегі жылқы шаруашылығын шетқақпай қалдырған күні болған емес. Сондықтан оның саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, тәуелсіздік алған 30 жылда Қамбар ата түлігі екі есеге артыпты. Сөйтіп, ішкі нарықты жылқы етімен өзіміз толықтай қамтамасыз ете алатын күнге жеттік. Алдағы уақытта осы қарқын сақталатын болса, жылқының көптігінен бұл сала стагнацияға ұшырауы мүмкін. Демек, жылқы етін молынан экспортқа шығарудың жолын қазірден бастап қарастырмаса, әлемдік тәжірибеге үңілмесе тағы болмайды.

Жылқы шаруашылығы бір қарағанда қазаққа соншалық таңсық емес сияқты көрінеді. Бірақ, жылдар бойы мал бағумен айналысқан қазақ халқы жаңа заманда жылқы санының көптігінен әлемде алғашқы ондыққа енсе де, ет өндіруден жетекші елдердің қатарына кіре алмай келеді.

Енді негізгі тақырыпқа оралмай тұрып, өткен ғасырға сәл шегініс жасайық.

КСРО құрамындағы Қазақстанда 1928 жылы жылқының саны 3,6 млн басты құрады. Өкінішке қарай, отызыншы жылдардағы ұжымдастыру елдегі жылқы санын 900 мыңға дейін төмендетті. Ал, азаттық алған 1991 жылы оның санын 1,7 млн басқа арттыра алдық. Дегенмен, тоқсаныншы жылдардағы экономикалық дағдарыс жылқы шаруашылығына да салқынын тигізді. 1998 жылы елдегі жылқы саны 1 млн басқа да жетпей қалды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылындағы көрсеткішке 2018 жылы ғана қол жеткізіп, әлемдегі ең көп жылқы өсіретін сегіз елдің қатарына қосылдық. Содан бері жылқы саны артып-ақ келеді.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 3,1 млн бас жылқы барын хабарлады. Яғни, бір жылда Қамбар ата түлігі 9,3% өсім көрсеткен. Ал, соңғы 5 жылда жылқы саны 45,8%-ға көбейген. Бұл – азаттық жылдарындағы ең жоғарғы көрсеткіш.

03-бетте



ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 24 МАМЫРҒА АРНАЛҒАН ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

USD 424.84 (АҚШ ДОЛЛАРЫ) ⇩ EUR 453.60 (ЕУРО) ⇩ RUB 7.31 (РЕСЕЙ РУБЛІ) ⇧ TRY 26.70 (ТҮРІК ЛИРАСЫ) ⇩ CNY 63.91 (ҚЫТАЙ ЮАНІ) ⇧ JPY 3.33 (ЖАПОН ИЕНІ) ⇩ KGS 5.32 (ҚЫРҒЫЗ СОМЫ) ⇩

БИЗНЕСКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ПРЕЗИДЕНТ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

01-беттен

«ҚАЗАҚСТАНДА ЕШҚАНДАЙ ДА ҚОЛДАУШЫ ТІРЕК ПЕН РЕЙДЕРЛІК БОЛМАУЫ КЕРЕК»

Президент мемлекеттік органдардың қызметінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу керектігін баса айтты.

«Өңірлік билік пен аумақтық құқық қорғау бөлімшелерінің басшылары кәсіпкерлермен бірігіп, бизнесті қолдау деген сылтаумен үнемі заңды бола бермейтін әрекеттердің жүзеге асырылуына септігін тигізгені жасырын емес. Бұл – үлесті өзара бөлісіп алған деген сөз. Мұның бәрі сыбайлас жемқорлыққа, көлеңкелі әрекеттерге, әкімшілік ресурстарға негізделген және тендерлер мен бюджет қаржысын оңды-солды шашуға бағытталған қазақстандық бизнестің ащы да болса шынайы бейнесін қалыптастырды. Мұндай қылмыс түрлеріне мемлекет батыл әрі міндетті түрде жүйелі тосқауыл қоюға тиіс. Бұл – үлкен міндет. Отандық бизнестің дәл осындай сипаты тұтас мемлекеттің беделіне зор нұқсан келтіреді. Басқаша айтқанда, елімізде ешқандай да қолдаушы тірек пен рейдерлік болмауы керек. Егер бизнес адал жұмыс істеуге дайын әрі креативті, заманға сай сұраныса ие болса, оны қолдау қажет. Ұлттық экономиканың жаңа моделіне енуге көмектесу керек. Біз бизнес пен мемлекет мүддесі арасындағы теңгерімді қатаң сақтауға тиіспіз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы мәселелерді шешу үшін бірқатар нақты шараны белгілеп берді. Ең алдымен, құқық қорғау органдары тарапынан негізсіз қудалауды азайту жөнінде жүйелі шаралар қабылдау қажет.

«КОРПОРАТИВТІК ЫМЫРАҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕУІ, ТІПТІ СӨЗ БОЛМАУЫ ДА ҚАЖЕТ»

Мемлекет басшысы өз сөзінде мемлекеттік аудит жүйесімен байланысты мәселелерді қозғап, мемлекеттік аудит нәтижесіне шағым түсірудің барлық мүмкіндігі қарастырылмайынша, қылмыстық іс қозғауға жол бермейтін механизмді енгізу қажет екенін айтты. Сондай-ақ, Бас прокуратураға Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және бизнес-омбудсменмен бірлесе отырып, қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауапкершілік салаларының ара-жігін ажыратуға бағытталған механизмдерді тез арада әзірлеуді тапсырды.

Президент бизнеске қысым көрсету факторларын анықтаудың барынша тиімді жүйесін құруды келесі бір міндет ретінде атап өтті.

«Тепе-теңдік және тежемелік механизмдер жүйесі мен қоғамдық бақылау – осы реформаның табысты формуласы. Құқық қорғау органдары тарапынан жасалған әрбір рейдерлік әрекет немесе негізсіз қысым жасау дерегі Бас прокурордың жеке бақылауында болуға тиіс. Осындай істер соңына дейін жеткізілуі керек. Бұл жерде ешқандай корпоративтік ымыраға жол берілмеуі, тіпті сөз болмауы қажет», – деді Президент.

Таяуда Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында ақын, жазушы Жұмат Әнесұлының «Тарихи хикаяттар» атты кітабының тұсаукесері өтті. Бұл кітапта қазақ әліпбиі мен грамматикасының, әдебиеттану ғылымдарының негізін қалаған Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының 1919–1920 жылдары алғашқы Қырғыз (Қазақ) автономиялық республикасының құрылуына сіңірген зор қайраткерлік қызметі баяндалады.

АХМЕТТАНУШЫ ЖАЗУШЫНЫҢ ЖАҢА КІТАБЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Жаңа кітаптың тұсаукесеріне ақын Аян Нысаналин, жазушы, «Балбұлақ» журналының бас редакторы Мағира Қожахметова, бұрын Су шаруашылығының министрі болған қайраткер Нариман Қыпшақбаев, күйші, ақын Талап Қараш және Ахмет Байтұрсынұлының немере туыстары – ғылым докторы Қасым Мәуленов, Бақытжамал Мәуленова, Амандық Шәймерденұлы, деректі фильмде Ахаңның рөлін сомдаған немере туысы Болат Назарұлы және басқалар қатысты. Жаңа кітаптың лентасын Нариман Қыпшақбаев пен Мағира Қожахметова қиды.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАТЫЛ ҚАДАМ

Кеше, 23 мамыр күні Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Саяси процестің жаһандық мәселелері» тақырыбында конференция өтті. Іс-шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Нұртөре Жүсіп, Динар Нөкетаева, ректор Дархан Біләлов, «Аманат» партиясының өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы және жастар істері жөніндегі басқарма, студенттік өзін-өзі басқару органдарының төрағалары және белсенді студенттер қатысты. Жиынның мақсаты – ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңының жобасымен таныстыру, алдағы референдумға қатысу бойынша азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

Дархан Біләлов ел экономикасын нығайтуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жаңа міндеттер жүктелген мемлекетіміздің дамуының жаңа кезеңіне қадам басқанымызды, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел болашағы үшін маңызды қадам жасағанын атап өтіп, саяси реформалардың қажеттігі туралы айтты.

«Негізгі заң Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мүдделерін ескеруі тиіс. Референдум – Жаңа Қазақстанды құру жолындағы алғашқы нақты әрі батыл қадам. Бұл қадамдарды жүзеге асыру үшін әрбір қазақстандық ел дамуына өз үлесін қосуы керек», – деді ректор.

Кездесу барысында спикерлер ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы егжей-тегжейлі айтып, еліміздің қолданыстағы Конституциясына ұсынылатын түзетулер демократияны нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Референдум Жаңа Қазақстанды құрудың нақты қадамы екені, саяси реформалардың негізгі тетігі – Президент алға қойған конституциялық өзгерістерді халықтың қолдауы, әрбір қазақстандықтың еліміздің дамуына үлес қосуы керектігі айтылды.

Сенатор Нұртөре Жүсіп мұның Жаңа Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне айтарлықтай серпін беретінін, өйткені өзгерістерде халықтың үніне құлақ асатын, халықтың ой-пікірімен санасатын мемлекет негіздері ескерілгендігін атап өтті. Депутаттың айтуынша, Конституцияның құндылығы – әділдік, тәртіп, бірлік және азаматтардың әл-ауқатын арттыру.

Динар Нөкетаева реформалардың ел тұрғындарының сұранысына және уақыт талабына сай екенін атап өтті. Депутат білім және ғылым саласындағы өзгерістер, педагог мәртебесін арттыру бойынша мемлекет жүргізіп жатқан шаралар туралы айтып, жас ұстаздарға қолдау көрсету мүмкіндіктерін дамыту арқылы ауыл мектептерін кадрлармен қамтамасыз ету және жас ғалымдарға қолдау көрсету қажеттігін атап өтті.

Сенаторлар референдумның мақсаттарын нақты түсіндіріп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

ЖЕКЕ БАСҚА ҚАТЫСТЫ ҚАТЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ EGOV-ТА ОНЛАЙН ТҮЗЕТУГЕ БОЛАДЫ

Қазақстандықтар жеке басына қатысты қате мәліметтерді eGov арқылы онлайн түзету мүмкіндігіне ие болады. Бұл туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин хабарлады.

«Жеке деректердің жалған, яғни сәйкес келмеу фактілері бар. Мысалы, сіздің 4 балаңыз болғанымен, eGov-та 3 бала деп көрсетіп тұрады. Немесе мүлдем баласы не жұбайы жоқ деп көрсетеді. Мұны қалай ретке келтіруге болады? Бұрын АХАТ-қа, анда-мында барушы едіңіздер. Енді eGov-тың ішінде бір түймені басып, сол жерге өзіңіздің мәліметтеріңізді, туу туралы куәлік, жеке куәлік суретін жүктеу мүмкіндігін қарастырып жатырмыз. Ал, жасы үлкен не eGov-ты қолдана алмайтын азаматтар Халыққа қызмет көрсету орталықтарына барып, өтініш бере алады. Бірақ, бұл процесс үш күннің ішінде аяқталуы тиіс, мәліметтер базаға кіруі қажет», – деп түсіндірді Бағдат Мусин Ақтөбе облысы жұртшылығымен кездесу барысында.

Министрдің айтуынша, кеше Үкімет басшысының төрағалығымен цифрландыру комиссиясының отырысы өткен. Отырыс қорытындысымен осындай іс-шаралар бекітілген.

Бағдат Мусин тағы бір жағымды жаңалықтың ұшын шығарды. Енді ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мобильдік сервистер мен қосымшаларды қазақ тілінде қызмет көрсетуге мәжбүрлейді.

«Бұған бұрын мән бермеуші едік. Тек қана мемлекеттік органдардың сайттарына, порталдарына назар аударып келдік. Оларды мәжбүрлеп, қазақшаға аударттық. Бірақ, олардың да сапасы аздап төмен екенін білеміз. Қазір жақсартып жатырмыз. Оларға талап қойылды, жұмыс жүргізіліп жатыр. Мұнда жекеменшік сервистердің, Facebook-тің қазақшасы неге жоқ деген сұрақ туындайды. Бірақ, оны біз қалай қазақша жасай аламыз? Ол – нарық. Facebook өзі жасамаса, біз жасай алмаймыз ғой. Оны мәжбүрлесек, қазақша жоқ деп жауып тастасақ, адамдар шулай бастайды. Сондықтан осы сатыда қазір Америкаға бармай-ақ қояйық, жанымыздағы сервистер – 2ГИС, Яндекс болсын, соларға шығып, осындай талаптарды қойып жатырмыз. «Біздің экономикада жұмыс істегіңіз келсе, онда қазақ тілін енгіз» деген талап қоямыз», – деді Бағдат Мусин.

Министрдің сөзінше, мұндай талапты енді заңға енгізу қажет.

СПОРТ ШЕКАРАНЫ БІЛМЕЙДІ

20–22 мамыр күндері Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ұйымдастыруымен Олжас Сүлейменовтің жүлдесіне арналған волейболдан ардагер командалар арасында XV Халықаралық турнир болып өтті. Спорттық іс-шараға ҚазҰАЗУ Басқарма төрағасы-ректор, академик Тілектес Есполов, елдің белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері: ақын, дипломат, әдебиеттанушы Олжас Сүлейменов, генерал-лейтенант Амангелді Шабдарбаев, Амандық Баталов, Ғани Қасымов сияқты көрнекті тұлғалар қатысып, турнирде лебіздерін білдірді.

Тілектес Есполов барлық уақытта өскелең жастар, студенттер әр дәуірдің белесінде танылған атақты тұлғалардың іс-әрекеттеріне қарап бой түзеп, тәрбие алатынын, бүгінгі жас ұрпақ үшін ерлік пен берік азаматтық ұстанымның символына айналған осындай ірі тұлғаның бірі – Олжас Сүлейменов екенін атап өтті.

«Ол әлемге танылған арқалы ақын ғана емес, халықаралық дәрежедегі белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, көп жылдар бойы Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы Тұрақты өкілі болып қызмет атқарған ізгі жүректі азамат. Сонымен қатар, волейбол спортының шын берілген жанкүйері, өзі де талай жылдар бойы университетіміздегі турнирлерде өнер көрсетіп келеді. Университетте 2004 жылдан бастап зияткерлік, жоғары мәдениетті және көптілді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған «Олжас Сүлейменов атындағы әлеуметтік-гуманитарлық білім және тәрбие институты» жұмыс істейді. Олжас Омарұлының өзі де аталған орталықта студенттермен жиі кездесіп, ақ батасын беріп жүр», – деді ректор Тілектес Есполов.

Жоғары оқу орнында білім алушылардың спорттық қырынан дамуына тұрақты түрде ерекше көңіл бөлінетінін атай кеткен жөн. Студенттер арасында да, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы арасында да салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған спорттық іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Мысалы, профессор-оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлері арасында спорттың 8 түрінен «Денсаулық» спартакиадасы, университет студенттері арасында спорттың 15 түрінен дәстүрлі факультетаралық спартакиада, футболдан Т.Сегізбаевтың, волейболдан О.Сүлейменовтің жүлдесіне және О.Жарылғаповты еске алуға арналған турнирлер дәстүрлі түрде өтеді. Сондай-ақ, ЖОО-да спорттың 16 түрі бойынша спорттық секциялары бар спорт клубы жұмыс істейді. Соның ішінде волейбол, футбол, бокс, еркін күрес, самбо, дзюдо, таэквондо, тоғызқұмалақ, шахмат, атлетикалық гимнастика секцияларының қатысушылары республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетуде.

Атап айтқанда, 2021 жылдың 4-5 қарашасында Санкт-Петербург қаласында өткен ардагерлер командалары арасындағы «Atletta Volley Cup» халықаралық волейбол турнирінде біздің команда 1-орынға ие болды. ҚазҰАЗУ командасы Мәскеуден келген «Луч» және Санкт-Петербургтің «Солтүстік Пальмира» сияқты ең мықты командаларын жеңді. КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы А.В. Кильчевскийді (Мәскеу) еске алуға арналған XXXII дәстүрлі халықаралық турнирдің және «SPB Volley Master 2021» (Санкт-Петербург) турнирінің чемпиондары атанды. ТМД елдерінің бірде-бір ардагерлер командасы мұндай жетістікке қол жеткізе алмағанын атай кеткен артық болмас.

Жоғарыда аталған спорттық нәтижелер ҚазҰАЗУ тек білім мен ғылым саласында ғана емес, спортта да көшбасшы екенін тағы да дәлелдейді. Біздің оқу орнымыз республикадағы ардагерлер волейболының бірегей базасына айналды және бұқаралық спортты дамытуға үлкен үлес қосты.

Жыл сайын дәстүрге айналған және халықаралық мәртебеге ие болған О.Сүлейменовтің алдыңғы ұйымдастырылған 14 турнирі аншлагпен өтті. Осылайша, Қазақстанның түрлі қалаларында және ТМД елдерінде ардагерлер волейболының қозғалысы өрістеді.

Ардагерлер командалары арасында волейболдан бүгінгі XV халықаралық турнирге таңдаулы деген 10 ардагерлер командасы қатысты. Жанкүйерлеріне қызықты ойын мен шуақты көңіл-күй сыйлаған волейбол мерекесінде ардагер спротшылар өздерінің бар шеберліктерін көрсетті. Нәтижесінде төрт команда жартылай финалға шықты: «Атамекен-AGRO» (Нұр-Сұлтан қаласы, команда капитаны – Ерлан Тасыров), «Ташкент» (Өзбекстан, Каримжан Рахимкулов), «ҚазҰАЗУ» (Алматы қаласы, Тілектес Есполов), «Жетісу» (Алматы облысы, Дәулет Имандосов). Ал, финалда бақ сынасқан «Атамекен-AGRO» мен «ҚазҰАЗУ» командалары арасындағы додада бас жүлдені біздің университеттің ардагерлері қанжығасына байлады. Жүлделі үшінші орынға таласқан «Жетісу» мен «Ташкент» командаларының арасынан көрші елден келген қонақтардың бағы жанды.

Ардагер командалар арасындағы XV Халықаралық турнирдің жеңімпаздарын ақын Олжас Сүлейменов құттықтап, жүлделерін табыстады.

ҚазҰАЗУ Баспасөз қызметі

01-беттен

■ Бүгінде жылқы еті ішкі нарықтағы сұранысты 98 пайызға қамтамасыз етеді, қалған 2 пайызын еліміз алыстағы Уругвай, Исландия және Болгария елдерінен тасиды

АТА КӘСІП – ҰРПАҚҚА НӘСІП

ЖЫЛҚЫ ЕТІН ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШЫҒАРУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Жылқы шаруашылығындағы бұл «демографиялық дүмпуді» Қазақстан ет одағының басшысы Мақсұт Бақтыбаев былайша түсіндіреді: «Қазақстанда жылқы еті мен оның өнімдеріне сұраныс жылдан жылға артып келеді. Сондықтан ата кәсіпке бет бұрғандар көбіне жылқы шаруашылығының тізгінін ұстайды. Оның үстіне жылқыны жыл бойы жайылымда бағудың мүмкіндігі бар. Ол жем-шөп талғамайды. Тез қоңданады. Басқа малдарға қарағанда көп күтім мен бапты қажет етпейді. Ал, жылқы еті сиыр, қой еттеріне қарағанда бұрыннан қымбат саналады».

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылдың екінші жарты жылдығында бір қазақстандық 5,6 келі сиыр етін, 1,7 келі қой етін, 1,1 келі жылқы етін қолданды. Дегенмен, өткен жылы сиыр еті – 15,1%-ға, қой еті – 15,6%-ға қымбаттады. Яғни, былтыр жылқы еті нарықтағы екі «бәсекелесіне» қарағанда аса қымбаттай қойған жоқ. Бағаның шарықтап кетпеуі жылқы етіне сұраныстың аздығын білдірмейді. Керісінше сиыр, қой еттеріне қарағанда жылқы етіне сұраныс жоғары болды. Таяу жылдары жылқы еті нарықта қой етін үшінші орынға ығыстырады. Бұл фактор да жылқы басының артуына оң әсер етеді.

■ ЖЫЛҚЫ ЕТІНІҢ ЕКІ ПАЙЫЗЫН НЕГЕ СЫРТТАН ТАСИМЫЗ?

Бүгінде жылқы еті ішкі нарықтағы сұранысты 98%-ға қамтамасыз етеді. Жалпы, жылқы басының артуы ішкі нарықты 100%-ға қамтамасыз етіп қана қоймай, жылқы етін өзге елдерге де экспорттауға мүмкіндік береді. Ал, сонда жылқы етінің неге 2%-ын сырттан тасимыз? ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің кеңесшісі Төлеутай Рахымбековтің бұл сұраққа берер жауабы да дайын.

Төлеутай Сатайұлының айтуынша, ішкі нарықтағы сырттан сатып алынатын жоғарыдағы 2% жылқы еті отандық ет комбинаттарына тиесілі. Олар бағасы бізден үш-төрт есе арзан жылқы етін алыстағы Уругвай, Исландия және Болгариядан тасиды. Өйткені, бұл елдердің тұрғындары жылқы етін жемейтін болғандықтан оған сұраныс жоқ.

Жоғарыда айтқанымыздай, жылқы басының артуы бұл саланы стагнацияға тірейді. Ал, тығырықтан шығудың жалғыз жолы – экспорт. Демек, енді ішкі нарықта артылған жылқы етін сыртқа сатудың жолын қарастыру керек.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Дәурен Сыдықовтың пікірінше, 750 млн халық тұратын Еуропада жылқы еті шұжыққа көптеп қолданылады. Мысалы, бір Италияның өзінде 2017 жылы ет комбинаттары 50 мыңдай бас жылқының етін сырттан сатып алған екен.

Дәурен Сыдықовтың ресейлік әріптесі Александр Зайцевтің экспортқа қатысты айтар өз уәжі бар. Еуропада үлкен нарық болса да, еуропалықтар арасында жылқы етіне айтарлықтай сұраныс жоқ. Сұраныс ет өнімдерін шығаратын жекелеген комбинаттардан ғана болады. Оның үстіне жолдың қашықтығы да жылқы етін сойылған күйінде жеткізуге мүмкіндік бермейді. Демек, Еуропа нарығына шығудың басқа оңтайлы жолын қарастыру керек. Алдымен етті жартылай фабрикат күйінде экспортқа шығаруға болады. Еуропа елдерінің басым бөлігі алыстан етті осылай тасымалдайды.

Статистикаға көз жүгіртсек, Ресейді есепке алмағанда, жылқының көптігімен кәрі құрлықта Румыния (470 мың бас жылқы), Германия (448 мың), Ұлыбритания (409 мың), Италия (367 мың) елдері ғана мақтана алады. Жылқы етін біздегідей көп жемесе де, Қамбар ата түлігінің етінен жасалған шұжыққа еуропалықтардың тәбеті жақсы екенін жоққа шығара алмаймыз. Яғни, экспорт мәселесін шеше алсақ, Еуропаның үлкен нарығына шығудың экономикалық пайдасы зор болмақ.

Қазірдің өзінде жылқы етінің көрші елдерге экспортқа шығатыны белгілі. Мәселен, Орталық Азия елдеріндегі көршілерімізде шамамен 850 мыңдай жылқы бар. Соның жартысы бір Қырғызстанға тиесілі. Ал, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдерінде 57 млн халық тұрады. Яғни, олар да өздерін жылқы етімен толық қамтамасыз ете алмайды.

Жылқы санының көптігінен шығыс пен солтүстіктегі көршілеріміз де әлемде алғашқы ондықта тұр. Бірақ, Қытайда 1,4 млрд, Ресейде 146 млн халық тұратынын ұмытпайық. Қос көрші де өзін жылқы етімен толық қамтамасыз ете алмайды. Содан екі алып держава жылқы етін Құдай қосқан көршілері Моңғолиядан тасымалдайды. Жылқы еті экспортындағы біздің басты бәсекелесіміз де осы Моңғолия. Неге десеңіз, 3,2 млн халық тұратын елде 4,2 млн бас жылқы бар. Жылқының көптігі соншалықты мыңдаған тонна етін Моңғолия солтүстік пен оңтүстіктегі көршілеріне сатып жатыр.

■ КООПЕРАЦИЯҒА БІРІКПЕЙ – МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020 жылғы мәліметінше, елдегі жылқылардың 48,9%-ы жекелеген адамдарда, 44,9%-ы шаруалардың қорасында болса, 6,2%-ы ғана үлкен шаруашылықтың қолында тұр. Яғни, үлкен шаруа қожалықтарға қарағанда жеке шаруалардың ет экспорттауға мүмкіндігі аз. Өйткені, бұл жылқыны сойып, етін базарға өткізе салатындай жеңіл шаруа емес. Жүрдім-бардымды экспорт көтермейді. Өзінің заңы мен талабы бар. Өнімнің мінсіз әрі сапалы болғаны да қадағаланады. Осы жағынан алып қарағанда, қазір мал басы санын арттыруды ғана емес, қолда барды әлемдік стандарттарға сәйкестендіру сияқты күрделі мәселелерді қолға алу керек. Демек, жеке шаруалар мен шаруа қожалықтары үлкен кооперацияға бірікпей, экспорттың жолы ашыла қоймайды.

Жылқы етінің өнімдерін де сыртқы нарыққа шығаруға болады. Ал, жылқы етінің өнімдерін шығару тәжірибесі біздің Қазақстанда бұрыннан бар.

Дәурен Сыдықовтың айтуынша, Қоянды ауылында (Ақмола облысы) бұрын консервіленген ет шығаратын зауыттың өнімдері Кеңес Одағының нарығына молынан шыққан. Сондай зауыттарды көптеп ашсақ, экспортқа шығатын қазақстандық өнімдердің қатары көбейеді.

Соңғы бес жылда Қазақстанда бие сүтінің көлемі 5,2%-ға артып, жылына 27 мың тонна қымыз, саумал өндіретін жағдайға жетті. Бұл саланың дамуына қарағандылық «ЕуразияИнвест ЛТД» компаниясының да қосқан үлесі зор. Мысалы, аталған компанияның меншігіндегі зауыттың үлесіне 25 мың гектар жайылым жер тиесілі. 1,5 мың бие тәулігіне 2,5 мың тонна сүт береді және осының арқасында жоғары сапалы сублимацияланған бие сүтінің бір жылдағы мөлшері 30 мың тоннаға дейін жетеді. Ал, «Saumal» сауда белгісімен биенің сүтінен жасалған құрғақ ұнтақтың Ресей, АҚШ, Қытай нарығына шыққаны да қуантады.

Иә, саумалды дәрі-дәрмек пен ұнтақ күйінде дайындау экспорт үшін пайдалы. Ал, саумал экспорты мұнайға қарағанда 5-6 есе көп пайда беруге қабілетті. Өйткені, фармацевтикалық және косметологиялық өнеркәсіптерде пайдаланылатын құрғақ саумалға Еуропа елдерінде сұраныс жоғары.

Міне, мемлекет осындай зауыттарды көптеп ашса, «Қазақстанда жасалған» сауда белгісімен өз өнімдерімізді экспортқа шығаруға мүмкіндік аламыз. Өйткені, экономикасы шикізатқа тәуелді елдің алысқа бармайтынын коронавирусқа байланысты туындап отырған экономикалық жағдай тағы бір дәлелдеп берді.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

«Тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» немесе «Ер қанаты – ат» дейтін біздің қазақ үшін мінсе – көлік, жесе – ас, ішсе – сусын болған жылқы қашанда төрт түлік малдың төресі саналады. Қамбар ата түлігінің еті де, қазы-қартасы да, жал-жаясы да, қымызы да қазақ дастарханының төрінен орын алады. Ал, жылқы санының артқаны қуанарлық жағдай. Дегенмен, жәй ғана қуанып қою аздық етеді. Енді жылқы еті мен оның өнімдерін экспортқа шығарудың қамына кірісу керек. Жоғарыда отандық жылқы шаруашылығының бүгініне тоқталдық. Импорт пен экспорт мәселесін сараладық. Сарапшы мамандардың да пікірін жарияладық. Енді естір құлақ табылса игі...



Дереккөз **Ұлттық статистика бюросы** ▮ Инфографика **Айнұр Қайратбекқызы**

ОҢТАЙЛЫ ЖАСТАР ИПОТЕКАСЫ

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫ БАРЛЫҚ ӨҢІРДЕ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Жыл соңына дейін барлық өңірде әкімдіктерімен бірлескен «Отбасы банкінің» жеңілдетілген ипотека бағдарламасы іске қосылады. Қазіргі кезде жастарға арналған өңірлік тұрғын үй бағдарламалары Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жүзеге асырылып жатыр. Бұл туралы Сенаттағы жастарды қолдау тақырыбына арналған парламенттік тыңдауда Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов хабарлады.

Ералы Лұқпанұлының айтуынша, 2019 жылдан бері Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастарға 7 мың жалға берілетін баспана ұсынылды. Енді 2025 жылға дейін жұмыс істейтін жастарға 12 мың пәтерді ұсыну жоспарланып отыр.

«Қазіргі кезде «Отбасы банкінің» жинақтаушы баспана депозиттерінде 250 млрд теңгеден астам сомаға жастардың (29 жасқа дейінгі) 500 мыңнан аса депозиті ашылды. 2025 жылға қарай жастардың баспана жинақтарының көлемін 800 мың депозитке дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ол үшін жастар арасында баспана алуға жинақ ашу мәдениетін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тұрғын үй салымын жинақтаудың маңызын біздің жастарымыз түсінуі қажет», – деп нақтылады Ералы Тоғжанов.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

18 мамырда басталған «Алматы жастары» бағдарламасына өтінімдер almaty-zhastary.kz сайты арқылы 1 маусымға дейін қабылданады. Тұрғын үй бағдарламасы туралы толығырақ Алматы қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының (www.uzh-almaty.kz), «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның (www.hcsbk.kz) сайттары, 300 немесе 8 8000 801 880 (қоңырау шалу тегін), +7 (727) 380-05-23, +7 (727) 380-05-02 телефондары арқылы білуге болады.

БОЛАШАҚ ЭЙНШТЕЙНДЕР

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН 1 МЫҢ БАЛА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ МЕКТЕПТЕРІНДЕ БІЛІМ АЛАДЫ

Ауылдан шыққан 1 мың бала «Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасының арқасында еліміздегі жетекші мектептерде білім алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл туралы білім додасының қорытындысына арналған баспасөз мәслихатында «Елбасы Академиясы» КҚ директоры Асланбек Амрин айтты.

Биылғы олимпиадаға қатысу үшін ауыл мектептерінің 5-6 сыныптары арасында 150 мыңға жуық оқушы тіркелді. І-кезеңге 132 мыңнан астам оқушы қатысты, ең көп балл жинаған 5 мың финалист іріктелді. Содан қатарластарынан оза шапқан 1 мың бала олимпиада жеңімпазы атанды. Олар еліміздің дарынды балаларға арналған жетекші мектептерінде, атап айтқанда, Республикалық физика-математика мектебінде, «Дарын» мамандандырылған мектептерінде, «Білім-Инновация» лицейлерінде оқуға мүмкіндік алады.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«Елбасы Академиясы» корпоративтік қорының ұйытқы болуымен ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастыратын «Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасы – ауыл балаларын қолдауға және дамытуға бағытталған ұлттық ауқымдағы бірегей жоба. Олимпиада екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең логикалық және кеңістіктік ойлауды бағалауға арналған тапсырмаларды қамтиды. Екінші кезең өңірлік тестілеу орталықтары базасында ұйымдастырылады.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ 600 МЫҢНАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТҰР, ОНЫҢ 215 МЫҢЫ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР, МҮГЕДЕКТЕР СИЯҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЖУАЗ ТОПТАРҒА ЖАТАДЫ

5 МАУСЫМ 2022 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

АЛДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН 11 839 761 БЮЛЛЕТЕНЬ ШЫҒАРЫЛАДЫ

20 мамыр күні Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясы бюллетеньдерді дайындауға қатысты Қаулы қабылдады.

«Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің, республика бойынша жергілікті атқарушы органдардың өкілдері ұсынған мәліметтер мен есептер бойынша тізімдерге 11 722 536 адам енгізілді. 5 маусым күні республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындаудың кейбір мәселелері туралы Орталық референдум комиссиясы Қаулысымен дауыс беруге арналған бюллетеньдер бір пайыз резервпен референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізілген санға тең мөлшерде дайындалады деп белгіленген. Сондықтан 11 839 761 көлемінде дауыс беруге арналған бюллетень шығарылуы тиіс» деп хабарлады Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясы.

Белгіленген мөлшерде дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындау және референдум учаскелеріне заңнамада көзделген мерзімде жеткізу облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен елорданың референдум комиссияларына тапсырылады. Аумақтық референдум комиссиялары бюллетеньдерді референдум учаскелеріне жеткізу үшін белгіленген мөлшерде дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындауды 2022 жылғы 28 мамырға дейін қамтамасыз етуге міндеттелді.

ҚР ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ТМД БАЙҚАУШЫЛАР МИССИЯСЫ ШТАБЫНЫҢ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

21 мамырда Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров ТМД байқаушылар миссиясы штабының басшысы Олег Кулебамен кездесті.

Кездесуге Орталық референдум комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман, ТМД байқаушылар миссиясы штабының мүшелері Денис Варганов пен Павел Юркевич қатысты.

Кездесу барысында ТМД байқаушылар миссиясы штабының мүшелері 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспарымен таныстыны.

Өз кезегінде ТМД байқаушылары миссияны ТМД Атқарушы комитеті төрағасының бірінші орынбасары Леонид Анфимов басқаратынын, сондай-ақ миссия қызметі халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына негізделе отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатынын атап өтті. Ал, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының байқаушылары Қазақстанда он бесінші рет байқауды жүзеге асыратынын атап өткен жөн.

Айта кетейік, 20 мамырда Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров жұмыс сапарымен Ақтөбе облысына барды. Ол мемлекеттік органдар өкілдерінің, аумақтық референдум комиссиялары мүшелерінің, БАҚ пен қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен семинар-кеңес өткізді.

БЮЛЛЕТЕНЬ ТОЛТЫРАР КЕЗДЕ НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров референдумда бюллетеньді толтыру кезінде ескерілетін басты мәнжайды түсіндірді.

«Бюллетеньнің өзі, мәтіні мен формасы бекітілді. Бюллетеньдер жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылуы тиіс. Әр адам оны жеке толтырады. Дауыс беру кезінде азамат өзі дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қояды. Бір сұрақ пен жауаптың екі нұсқасы болады. Осы орайда бір белгіні қою керек, яғни осының бәрі түсінікті түрде қойылғаны абзал», – деді Константин Петров Елордада өткен Орталық референдум комиссиясының отырысында.

ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасы орынбасарының айтуынша, бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді. Толтырылған бюллетень дауыс беруге арналған жәшікке салынады.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне қарағанда, тиісті учаскеде Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен дауыс беру уақыты өзгертілмесе, дауыстарды санау жергілікті уақыт бойынша сағат 20.00-де басталады. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау уақыты санау басталғаннан бастап 12 сағаттан аспауы тиіс.



РЕФЕРЕНДУМ БАРЫСЫН ҚАДАҒАЛАУҒА 39 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫ АККРЕДИТТЕЛДІ

ҚР Орталық референдум комиссиясы алғашқы халықаралық байқаушыларды аккредиттеді.

Орталық референдум комиссиясы «5 маусымға тағайындалған республикалық референдумға халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің байқаушыларын аккредиттеу туралы» қаулы қабылдады. Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша аккредиттеуге 3 халықаралық ұйымнан және 5 шет мемлекеттен 39 байқаушы ұсынылды.

Оның ішінде:

- байқаушы – ТМД байқаушылар миссиясының құрамынан;
- 5 байқаушы – Түркі мемлекеттері ұйымы байқаушылар миссиясынан;
- 17 байқаушы – ТМД ПАА-дан;
- 11 байқаушы – Әзербайжан, Беларусь, Болгария, Грузия, Молдова елдерінен.

Аккредиттеуге ұсыныстардың келіп түсуіне қарай байқаушылар жөніндегі деректер жаңартылып отырады.

Халықаралық байқау институтын Орталық референдум комиссиясы 6 мамырда ашты. Халықаралық ұйымдар мен өзге елдердің байқаушыларын аккредиттеу 2022 жылғы 30 мамыр сағат 18:00-ге дейін жалғасады.

РЕФЕРЕНДУМҒА БӨЛІНГЕН 16,4 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАЛАЙ ЖҰМСАЛАДЫ?

Референдум өткізуге арналған 16,4 млрд теңгенің 79 пайызы осы ауқымды іс-шараға жұмылдыратын адамдардың жалақысын төлеуге жұмсалады. Қаражаттың 21 пайызы дауыс беру учаскелерінің метариалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне, Орталық референдум комиссиясы мен учаскелік әрі аумақтық комиссиясының жұмысына, баспа өнімдерін даярлауға, ақпараттық сүйемелдеуге, сондай-ақ ел аумағында арнайы билбордтар орналастыруға бөлінеді. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина мәлім етті.

«Референдум шығындарының 79 пайызы комиссия мүшелерінің жалақысын төлеуге бағытталады. Не себепті бұл бағытқа қомақты қаражат қарастырылған? Бұл көлем Президент, Мәжіліс сайлаулары сияқты ауқымды науқанды өткізу кезінде жұмсалған қаражат сомасының деңгейінде. Аталған 79 пайыз учаскелік және аумақтық комиссиялардың 71 мыңға жуық мүшесінің жалақысын қамтамасыз етуге бөлінеді. Еңбекақыны төлеу деңгейінде ел бойынша орташа жалақы көрсеткіші ескерілген. Жалақы төлемі жұмыс істеген уақытқа сай жүргізіледі. Комиссия мүшелерінің барлығы бірдей жұмыс істемейтіні түсінікті. Комиссия мүшелерінің көбісі өздерінің негізгі кәсіби қызметін атқарып, комиссияларда тек бекітілген кесте бойынша жұмыс істейді», – деп түсіндірді ол.

ҚАЗАҚСТАН ПАРЛАМЕНТІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БАР?

Республикалық референдумға әрбір қазақстандық Конституцияға ұсынылып отырған негізгі өзгерістерден хабардар болып баруы керек. Бұл – заңгер Думан Базарбектің қазақстандықтарға берер кеңесі. Сарапшының кеңесін «ҚазАқпарат» халықаралық агенттігі жариялады.

«Парламенттік бөлімге енгізілген өзгерістер ең көлемді, бірақ олардың барлығы заңдарды қабылдау регламентін реттейді. Мәжіліс заң қабылдау жүйесіндегі негізгі институт болады. Олардың сапасын бақылауды қамтамасыз ететін және бұл ретте заң шығару процесін оңтайландыратын, Мәжілістің заңнамалық және бақылау функцияларын күшейтетін жаңа рәсім енгізілуде. Ал, Сенаттың өзі ұсынған реформалар пакетіне мәслихаттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, олардың ел азаматтарына есептілігін күшейту жөніндегі шаралар кіреді. Бұл сенаторлардың сайлау процесіндегі бәсекелестігі туындатып, өздері өкілдік ететін өңірлер алдындағы жауапкершілігін күшейтеді. Мұндай тәсіл Сенатта Мәжілістегі қандай да бір партиялық фракциямен немесе партиямен мүлде байланысы жоқ депутаттардың пайда болуына жол ашуы мүмкін. Президенттің сенаторларды тағайындау квотасы 15 адамнан 10 адамға дейін азаяды. Оның ішінде бес адамның кандидатурасын Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) ұсынады» деп жазды Думан Базарбек.

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ РЕФЕРЕНДУМҒА ШЕТЕЛДЕН ДЕ ҚАТЫСА АЛАДЫ

Қазақстан азаматтары ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумға шетелден де қатыса алады. Бұл туралы ҚР Сыртқы істер министрлігінің Баспасөз қызметі хабарлады.

«ҚР Президентінің биылғы 5 мамырдағы №888 Жарлығы бойынша 5 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жалпыұлттық референдум өтеді. Қазақстанның шетелдегі мекемелерінің жанынан 52 шет мемлекетте 65 учаскелік комиссия құрылды» делінген хабарламада.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің Баспасөз қызметінің мәліметінше, дауыс беруге қатысу үшін белсенді сайлау құқығы бар, тиісті шет мемлекетте тұратын немесе жеке, қызметтік, іскерлік және туристік мақсатпен жүрген және ҚР азаматының жарамды паспорты бар Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік комиссия құрылған Қазақстанның дипломатиялық өкілдігіне жүгіне алады.

ҚР шетелдегі мекемелерінде дауыс беру «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 38-ші бабының 1-ші тармағына сәйкес референдум өтетін күні (2022 жылғы 5 маусым) жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін өтеді.

РЕФЕРЕНДУМ КЕЗІНДЕ БАСҚА ҚАЛАДА ЖҮРГЕН АЗАМАТТАР ҚАЛАЙ ДАУЫС БЕРЕДІ?

Республикалық референдум кезінде азаматтар есептен шығару куәлігімен референдум болатын жеріндегі сайлау учаскесінде дауыс бере алады. Бұл туралы Орталық референдум комиссиясы хабарлады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда азаматтардың тұрғылықты жерін ауыстырған кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бойынша дауыс беру құқығы қарастырылған. Осыған байланысты Конституциялық заңның нормаларын іске асыру үшін Орталық референдум комиссиясы «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін берудің және есепке алудың кейбір мәселелері туралы» қаулы қабылдады» деп түсіндіреді комиссия өкілдері.

Республикалық референдумда дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігінің нысаны белгіленді. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен республика елордасының комиссиялары дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерінің қажетті санын белгілейді және оларды дауыс берушілердің жалпы санының бір пайызынан аспайтын есеппен дайындауды қамтамасыз етеді, есептен шығару куәлігін дауыс беретін күнге дейін жиырма күннен кешіктірмей тиісті аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияларға бөледі. Есептен шығару куәлігінің бес таңбалы сериялық нөмірі болады.

ҮМІТКЕ ТОЛЫ РЕФЕРЕНДУМ

Алматыда Конституциялық реформалар жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессорлық-оқытушылық құрамымен және студенттерімен кездесті. Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты әрі Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің жетекшісі Ақылбек Күрішбаев та қатысты.

Аршын КЕМЕЛЖАН

Отырыс барысында сенатор Ақылбек Күрішбаев Ата Заңға енгізілетін өзгерістер заман талабы мен халық талабы, ең бастысы, парламенттік мемлекетке өтудің алғашқы қадамы екенін айтты. Сондықтан қоғам алдағы жалпыхалықтық референдумға үлкен жауапкершілікпен қарап, дауыс беруі керек. Халықтың таңдауы бойынша өзгеріс енгізілетін Ата Заң парламенттік мемлекет, демократиялық ел екенімізді куәландыратын басты төлқұжат болады. Сонымен қатар, ақпараттық-түсіндіру тобы жиынға қатысушыларға науқан алдындағы дайындық пен алғышарттары туралы айтты. Референдумға қатысушылар дауыс беру күніне дейін Конституцияның өзгеріс енгізілетін 33 бабын оқып, ондағы 56 өзгеріс туралы білуі керек.

«Қазір біз көптеген ұжымдармен кездесіп жатырмыз. Кейбір ұжымдарда мынадай сұрақтар туындайды: «Біз референдуммен асығып жатқан жоқпыз ба, бұл косметикалық өзгерістер емес пе?» деген. Оған жауабымыз, олай емес. Біріншіден, мына конституциялық өзгерістеріміздің бәрі жан-жақты талданды, заңгерлер, қоғамдық институттар қарады. Ең бастысы, бұл өзгерістер ең дамыған мемлекеттердің Конституциясына сәйкес келеді. Біз сол демократиялық елдердің жолымен келе жатырмыз. Мысалға Оңтүстік Кореяны алайық. Супер президенттік мемлекеттен парламенті мықты мемлекетке ауысты. Шығыс Еуропа, Балтық жағалауы елдері де осындай Конституциямен келе жатыр. Біздің де Конституциямыз сол елдерге сәйкес. Конституция дегеніміз – біздің Ата Заңымыз. Басқа сөзбен айтқанда, мемлекетіміздің темірқазығы. Алдымен сол қазықты түзеп алуымыз керек. Сондықтан қазіргі өзгерістер соған тікелей байланысты. Негізін дұрыстаған соң қоғамда да, экономикада да оң өзгерістер болады», – деді сенатор Ақылбек Күрішбаев.

ӘЛЕМНІҢ БІРҚАТАР ЕЛДЕРІ ОСЫ КҮНГЕ ДЕЙІН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНА ҚАРСЫ 10 МЫҢНАН АСТАМ САНКЦИЯ САЛДЫ. СОНЫҢ 70 ПАЙЫЗДАН АСТАМЫ РЕСЕЙ 21 АҚПАНДА ДОНЕЦК ПЕН ЛУГАНСК ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН МОЙЫНДАҒАННАН ЖӘНЕ 24 АҚПАНДА «АРНАЙЫ ОПЕРАЦИЯ» ДЕГЕН СЫЛТАУМЕН УКРАИНАҒА БАСЫП КІРГЕННЕН КЕЙІН ҚАБЫЛДАНДЫ. БІР АНЫҒЫ, УКРАИНАДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС ТОҚТАМАЙ, РЕСЕЙГЕ ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР ЕНГІЗІЛЕ БЕРЕДІ. АЙТАЛЫҚ, 19 МАМЫРДА ҰЛЫБРИТАНИЯ РЕСЕЙДІҢ «АЭРОФЛОТ», «РОССИЯ» ЖӘНЕ «УРАЛЬСКИЕ АВИАЛИНИИ» ӘУЕКОМПАНИЯЛАРЫНА ЖАҢА САНКЦИЯЛАР САЛЫП, ОЛАРДЫҢ АКТИВТЕРІН БҰҒАТТАП ТАСТАДЫ. ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР «QAZAQ» ГАЗЕТІ БҮГІН СОЛТҮСТІКТЕГІ КӨРШІ ЕЛГЕ САЛЫНҒАН ЕСКІ ӘМ ЖАҢА САНКЦИЯЛАРҒА ТОҚТАЛАДЫ.

■ Санкция салқыны: 27 ақпанда Ресей Орталық банкінің алтын-валюта қорындағы 600 млрд доллары бұғатталды

САНКЦИЯ ҚҰРСАУЫНДА ҚАЛҒАН ЕЛ

«САНКЦИЯЛЫҚ ҮРКІТУ СИНДРОМЫНАН» РЕСЕЙДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ БАР МА?

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

■ ҚАНША МЕМЛЕКЕТ РЕСЕЙГЕ ҚАРСЫ САНКЦИЯ САЛДЫ?

Рас, бұл басқа елдерге қарсы енгізілген санкциялардан әлдеқайда көп болып шықты. Мысалы, осы күнге дейін Иранға – 3 616, Сирияға – 2 608, Солтүстік Кореяға – 2 077, Венесуэлаға – 651, Мьянмаға – 510, Кубаға – 208 саяси-экономикалық санкция салынған болатын. Осылайша, санкциялар саны бойынша Ресей әлемде бірінші орынға шықты. Жоғарыда жазғанымыздай, шектеулердің саны апта құрғатпай артып та келеді. Санкциялар қаржыдан энергетикаға, көліктен БАҚ-қа, технологиядан автомобиль өнеркәсібіне, спорттан мәдениетке дейін салынды, салынып та жатыр.

Ресей Федерациясына қарсы салынған санкциялар саны бойынша АҚШ көш бастады. Ақ үйдің ықпалымен 1 983 санкция салынды. Одан кейінгі орындарда Канада (1 402), Швейцария (1 361) тұр. Үздік бестікті Ұлыбритания мен Еуропалық Одақ қорытындылайды. Осы үш ел мен Еуропалық Одаққа мүше 27 елден бөлек әлемнің тағы 28 елі де Ресейге қарсы шектеу енгізуден сырт қалмады.

Қалай болғанда да, Ресей Украинаға әскери күш қолдану арқылы әлемнің архитектурасын өзгертті. Содан бұрынғы қалыптасқан жүйе бұзылды. Батыс елдері бастаған әлемнің бірқатар елдері Ресейге қарсы саяси-экономикалық, мәдени-спорттық тұрғыда жаппай шектеу енгізу арқылы Путинді райынан қайтарғысы келеді.

Әрине, Ресейдің Украинадағы «арнайы операциясына» Батыс елдерінің қол қусырып қарап отырмайтыны белгілі еді. Яғни, Ресейдің аз уақытта Иран, Сирия және Солтүстік Кореяны басып озып, рекордтық санкциялар салынған елге айналғаны жаңалық емес. Тек Кеңес Одағының мұрагері саналатын Ресей енді сол санкцияларға төтеп бере ала ма, жоқ па?! Мәселе осында болып тұр.

■ ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫН МӘСКЕУ НЕСІМЕН БАТЫСҚА ЖАҚПАЙ ҚАЛЫП ЕДІ?

Өткен ғасырдың басына шегініс жасасақ, Ресейдің өз тарихында бұған дейін де Батыс елдерінің санкцияларымен бетпе-бет қалған кездері болғанын көреміз. Енді соған шолу жасап көрейік.

Кеңестік Ресейге алғашқы санкция 1917 жылғы төңкерістен кейін көп ұзамай қолданылды. Сол жылдың соңында АҚШ билігі экономикалық шектеулерді енгізді, ал 1918 жылы оған Антанта құрамында болған Франция мен Англия да қосылды. Большевиктердің шетелдік капиталдың қатысуымен құрылған кәсіпорындарды ұлттандыруы санкцияға себеп болды.

ЛенинніҢ Патша үкіметінің қарызын төлеуден бас тартуы да Батыс елдерінің наразылығын тудырды. Бұған жауап ретінде еуропалық және американдық банктер Ресейдің Мемлекеттік банкі мен Қаржы министрлігінің шоттарын бұғаттады, ал компаниялар «жеңген пролетариат елімен» сауда қатынастарын үзді. Дегенмен, 1920 жылы Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Батыс елдері сауда бойынша өз шектеулерін алып тастады. Бұған Мәскеудің жаңа экономикалық саясатқа көшуі ықпал етті.

1925 жылы «алтын блокадасы» аясында АҚШ, содан кейін Англия мен Франция кеңестік алтынды төлем ретінде қабылдауды тоқтатты. 1928 жылы Иосиф Сталин индустрияландыруды бастағанда Кеңес Одағына зауыттар салу үшін жаңа импорттық жабдықтар қажет болды. Большевиктерге шикізаттар, атап айтқанда, ағаш, мұнай және астық экспортын арттырудан басқа ештеңе қалмады. Бидайды шетелге шығару 1932-1933 жылдары Ресейдің оңтүстігін, Қазақстан мен Украинаны ашаршылыққа алып келді. Осы оқиғалардың әсерінен Батыс елдері 1934 жылы «алтын блокаданы» жойды.

Батыс нарығына сталиндік КСРО көмір мен марганецті арзан бағамен сатуға тырысты. Кеңестік демпингті тоқтату үшін 1930 жылы АҚШ-қа Франция қосылып, арнайы санкциялар пакетін енгізді. Бұл саясат 1931 жылы кеңес экспортының 200 млн рубльге төмендеуіне алып келді. Бірақ, дипломаттар көп ұзамай мәселені шеше алды. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін тағы екі кішігірім санкция болды. 1933 жылы тыңшылық жанжалға байланысты санкцияларға КСРО-ның Финляндияға шабуылынан кейін АҚШ билігі енгізген моральдық эмбарго қосылды.

Джексон-Вэниктің 1946 жылы КСРО мен Батыс елдері арасындағы түзетуінен кейін қырғи-қабақ соғыс басталды. Бірнеше жылдық ынтымақтастық пен несие бойынша көмектен кейін американдықтар КСРО-ға қарсы сауда блокадасын қайта енгізді. 1949 жылы АҚШ-та Ресейге және басқа социалистік елдерге стратегиялық маңызды материалдарды, жабдықтар мен қаруларды сатуға тыйым салатын «Экспорттық бақылау туралы» Заң қабылданды. 1949 жылы санкциялар пакеті экспорттық бақылау жөніндегі үйлестіру комитетімен нақтыланды. Бұл ұйымға Батыстың 17 мемлекеті кірді.

Вашингтон Мәскеуге қарсы «бақыланатын технологиялық артта қалу» стратегиясын қолданды, ол қырғи-қабақ соғыстың соңына дейін жұмыс істеді. Орыстарға мүлдем сатылмайтын тауарлардың арнайы тізімі жасалды. Басқа тауарларды шектеулі мөлшерде немесе түпкілікті пайдалануды бақылай отырып жеткізуге рұқсат етілді. Бұл КСРО-ға едәуір зиян келтірді.

Сталин билігі кезінде капиталистік елдермен сыртқы сауда айналымы төмендеді. Тауар айналымы 1948 жылғы 4,4 млрд рубльден 1951 жылы 3,3 млрд рубльге дейін қысқарды. Бірақ, КСРО мұны социалистік лагерь және үшінші әлем мемлекеттерімен сауданы кеңейту арқылы өтеді. Содан сауданың көлемі 1948 жылғы 11 млрд рубльден 1951 жылы 18 млрд рубльге дейін өсті.

■ САНКЦИЯ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ТҮБІНЕ ЖЕТТІ МЕ?

Санкциялардың келесі толқынына Кеңес үкіметінің еврей эмиграциясына кедергі келтіруі себеп болды. 1972 жылдан КСРО жоғары оқу орындарында тегін білім алған эмигранттар бұл соманы өтеуге міндетті болды. Орташа алғанда, ол – 12 мың рубльді құрады. Еврей диаспорасының ықпалын ескере отырып, бұл шара әлемде кеңестік биліктің қанды қылмыстарының ешқайсысы тудырмаған наразылықты тудырды.

1974 жылы конгрессмендер Генри Джексон мен Чарльз Вэниктің бастамасымен АҚШ-та эмиграцияға кедергі келтіретін елдермен сауда-саттықты шектейтін түзету қабылданды. Содан Одақтан АҚШ-қа импортталатын тауарларға тарифтер мен алымдар салынды. Бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетті. КСРО Бас хатшысы Леонид Брежнев «еврей мәселесі» бойынша жеңілдіктер жасағанымен, түзету КСРО-ға миллиардтаған шығын келтірді. Бірақ, астық эмбаргосының салдары Ақ үй қалағандай КСРО-ға қатты кері әсер етпеді.

1979 жылдың соңында Кеңес әскерлері Ауғанстанға баса-көктеп енгеннен кейін КСРО-ның Батыспен қарым-қатынасы ұзақ жылдар бойы ол жерден кеткенге дейін күрт нашарлады. Ауғанстан президенті Хафизулла Амин сарайына шабуыл жасалғаннан кейін бір апта өткен соң, АҚШ президенті Джимми Картер КСРО-мен «көптеген мәдени-экономикалық алмасулардың» тоқтатылатынын және сауданы шектейтінін мәлімдеді. Кеңес Одағы осы шектеуден соң, АҚШ суларында балық аулаудағы артықшылықтарын жоғалтты.

«Кеңес Одағы сұраған 17 млн тонна астық біз жеткізуге міндетті мөлшерден асып кетпейді», – деді АҚШ президенті сол тұста.

Бұл жолы да астық эмбаргосының салдары қатты әсер ете қоймады. Мысалы, Канада эмбаргоны тек 1980 жылдың 26 шілдесіне дейін қолдады, содан кейін КСРО-ға экспорт көлемі арта түсті. Аустралия Ресейге төрт жыл бұрынғысындай астық сатты. Нәтижесінде, КСРО шетелден 8 млн тонна астық сатып алып тұрды. Бұл – 1979 жылмен салыстырғанда 1 млн тоннаға артық көрсеткіш. Фермерлердің наразылығына қарамастан, АҚШ-та Рональд Рейган президент болып сайланғанға дейін эмбарго сақтауды жалғастырды.

Кеңес өнеркәсібі үлкен шығынға ұшырады. 1980 жылы 8 қаңтарда АҚШ өз компанияларына Мәскеуге жоғары технологияларды сатуға лицензия беруге тыйым салды. Кейін лицензиялар алынғаннан соң да 150 млн долларды құрайтын технологияны сатуға рұқсат берілмеді. Бұл шараларға Жапония мен Батыс Еуропа елдері қосылды. Бұл кеңестік экономика үшін өте сезімтал соққы болды.

КСРО-ға қарсы санкциялардың соңғы толқыны 1980-1981 жылдардағы Польшадағы оқиғаларға байланысты орын алды. 1982 жылы Ақ үй «Рейганометрия» деп аталатын жоспарды жариялады, оған АҚШ-тың одақтастары да қосылды. КСРО несиеге қолжетімділіктен айырылды және одан пайыздарды мерзімінен бұрын өтеуді талап етті.

Жабдықты жеткізуге эмбарго қоя отырып, АҚШ 2,5 жылға Сібірден Батыс Еуропаға баратын «Уренгой – Помары – Ужгород» газ құбырының екінші тармағының құрылысын тоқтатты. Ал, еуропалықтар Норвегиядағы кен орындарын игерудің арқасында кеңестік газдан ішінара бас тартты. Осылайша, тиімді санкциялар мұнай бағасының демпингтік саясатына айналды.

Сексенінші жылдардың ортасында Рейган үкіметі Таяу Шығыстың «шикізат» монархияларымен келісімге қол жеткізді, бұл бағаның төрт есе төмендеуіне әкеліп соқтырды. Валюталық түсімдердің болмауынан кеңес дүкендерінде тапшылық орын алды. Экономикалық дағдарыс Горбачевтің қайта құруының апатты сценарийін алдын ала анықтады, ол кеңестік республикалар арасындағы «паразитизммен» және КСРО-ның ыдырауына қатысты өзара айыптаулармен аяқталды.

Соңғы жылдары Ресей санкциядан да көз ашпай келеді. Демек, «санкциялық үркіту синдромынан» Ресейдің тәжірибесі бар. Сондықтан шыдап бағуға тырысады. Бірақ, оған билік шыдаса да, қарапайым халық шыдар ма?!

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

1991 жылы жетпіс жыл бойы он бес кеңестік республиканы «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстап келген КСРО-ның шаңырағы шайқалды. Одақпен бірге Батыс елдерінің санкциясы да келмеске кеткендей көрінген еді. Бірақ, КСРО-ның мұрагері болып табылатын Ресей Федерациясының 2014 жылы Қырымды Украинадан «тартып алуынан» кейін өткен ғасырдағы «санкция соғысы» қайта басталды. Ал, 24 ақпандағы Путиннің Украинадағы «арнайы операциясы» жағдайды ушықтырып, Ресейді санкция құрсауында қалдырды.

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТІМІЗДІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗДАР!

20 ЖЫЛДА ХАЛҚЫ 50 МИЛЛИОННАН АРТЫҚ АДАМҒА КӨБЕЙГЕН ЕЛДЕР

XIX ғасырдың басында, 1804 жылы әлем халқының саны 1 млрд адамға жетті. Бұл көрсеткіш 123 жылдан кейін екі есеге артты. Содан 1927 жылдан бастап әлем халқы жылдам қарқынмен өсе бастады. Мәселен, жер бетінде 1960 жылы 3 млрд адам, 1974 жылы 4 млрд адам тұрса, 1987 жылдан бастап әлем халқы әр 12 жыл сайын 1 млрд адамға артатын болыпты. Бүгінде әлем халқының саны 7,9 млрд адамнан асты. Соның тең жартысы «Qazaq» газеті ұсынып отырған осы 7 елде тұрады. Бір ғана Үндістанда соңғы 20 жылда халқының саны 323,9 млн адамға көбейген екен. Болжамға сенсек, 2025 жылы халық саны бойынша Үндістан Қытайдың алдына шығады.

№	Мемлекет	2002 жылғы көрсеткіш	2022 жылғы көрсеткіш	20 жылдағы көрсеткіш
01	ҮНДІСТАН	1 084,2 млн адам	1 408,1 млн адам	**+323,9 млн адам**
02	ҚЫТАЙ	1 303,2 млн адам	1 451,4 млн адам	**+148,2 млн адам**
03	НИГЕРИЯ	127,1 млн адам	214,5 млн адам	**+87,4 млн адам**
04	ПӘКІСТАН	147,7 млн адам	228,2 млн адам	**+80,5 млн адам**
05	ИНДОНЕЗИЯ	215,9 млн адам	279,1 млн адам	**+63,2 млн адам**
06	АҚШ	283,2 млн адам	335,1 млн адам	**+51,9 млн адам**
07	ЭФИОПИЯ	69,1 млн адам	119,3 млн адам	**+50,2 млн адам**

Дереккөз Countrymeters.info | **Инфографика** Айнұр Қайратбекқызы

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕКПЕНІҢ ТОЛЫҚ ДОЗАСЫН АЛҒАН ТҰРҒЫНДАР САНЫ



Соңғы дерекке сүйенсек, Тәжікстанда – 52,2%, Қазақстанда – 49,4%, Түркіменстанда – 48,4%, Өзбекстанда – 43,3%, Қырғызстанда – 19,6% халық екпенің толық дозасын алды

Дереккөз ▮ **Our World in Data**
Инфографика ▮ **Айнұр Қайратбекқызы**

ОЗЫҚ ОТЫЗДЫҚ

ТАЕКВОНДОДАН ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК 30 ТӨРЕШІСІ САПЫНА ЕНГЕН ҚАЗАҚ

Таеквондодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, қара белдіктің 5-ші дан иегері, халықаралық және республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі Мұрат Темір-әлиев аталған спорт түрі бойынша Орталық Азия аймағынан шыққан тұңғыш халықаралық деңгейдегі төреші атанды.

Жандар ТҰРАРҰЛЫ

Бүгінде Мұрат Темірәлиев АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында тұрады. Халықаралық таеквондо федерациясында қызмет атқаратын білікті маман 2021 жылы Жапония астанасы Токиода өткен Паралимпиада ойындарында төрешілік қызметті жоғары деңгейде атқарды.

Кіл мықтының ішінен шын мықтыны анықтайтын төрешілерді іріктеу барысы бірнеше кезеңді қамтыған. Ресей астанасы Мәскеу қаласында өткен алғашқы кезеңге әлемнің 500-ден астам төрешісі қатысқан. Іріктеуге әр құрлықтың үздік деп танылған 100 төрешісі таңдалып алынған.

Іріктеу бірнеше кезеңді қамтыды. Атап айтқанда, мамандар физикалық дайындығы мен интеллектуалдық мүмкіндігін таразылап, таэквондо спорты бойынша білім деңгейін анықтауға арналған тест тапсырмаларын орындады. Сондай-ақ, ойындарды бағалау әдістемесі мен ағылшын тілі деңгейін анықтайтын сұрақтарға жауап берді.

«Алғашқы кезең қорытындысы бойынша үздік деп танылған 50 төреші іріктеудің екінші кезеңіне жолдама алды. Онда мамандар құрлықтық лицензияланған турнирлерде төрешілік жасап, өзінің біліктілігі мен білімін нақты көрсетуі тиіс. Соның ішінде 30 төреші Халықаралық таэквондо федерациясы тарапынан барлық талапқа сай, яғни кәсіби біліктілігі жоғары деп танылып, бекітілді. Мен де соның бірі ретінде таеквондо спорты бойынша Паралимпиада ойындарында төрешілік қызмет атқардым», – дейді Мұрат Темірәлиев.

Паралимпиада ойындары барысында Мұрат Темірәлиев Еуропа, Африка, Панамерика мемлекеттерінен келген спортшылардың жартылай финалдық, финалдық жекпе-жектерінде төрешілік жасады. Аламан бәйгеде таеквондо бойынша өткен жекпе-жектер Халықаралық Олимпиада комитеті басшылығы тарапынан жоғары бағасын алды. Мамандар ойындардың тиісті деңгейде өтуіне белсенді атсалысқан төрешілерге алғыс білдіріп, сый-сияпат көрсетті. Оның ішінде біздің отандасымыз Мұрат Темірәлиев те бар.

Бүгінде Темірәлиев Лос-Анджелес қаласында «TURAN Promotion» компаниясын құрып, кәсіпқой бокс және ММА спорт түрлері бойынша спортшыларды дайындауда.

«TURAN Promotion» компаниясын құрудағы басты мақсатымыз – аталған спорт түрлері бойынша Қазақстаннан АҚШ-қа келген спортшыларға кәсіби спортта жетістікке жетулеріне қолдау көрсету, материалдық тұрғыдан демеу беру. Қазіргі күнде компаниямызды аяққа тұрғызу жұмыстарымен айналысудамыз», – деді Мұрат Темірәлиев.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Мұрат Темірәлиев – Түлкібас ауданының (Түркістан облысы) тумасы. Қарағандыдағы Әлия Молдағұлова атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының түлегі. Кейіннен Алматы технологиялық университетінің студенті атана жүріп, таеквондо үйірмелеріне қатысып, Мұстафа Өзтүрік, Бексейіт Түлкеев, Исатай Кабеков сынды спорт саңлақтарынан тәлімтәрбие алады. 2005–2013 жылдар аралығында республикалық таеквондо федерациясының бас хатшысы және команда басшысы қызметтерін атқарды. 2012 жылы ұлттық команда мүшелерін Лондон Олимпиадасына бастап апарған мамандардың бірі болды. Сондай-ақ, ол Әлем мен құрлық чемпионаттарында, Азия ойындары мен әлем кубогында және басқа да көптеген дүбірлі додаларда қазылық етті. Мұрат Темірәлиевтің еңбегі ұйымдастырушылар тарапынан жоғары бағаланып, оған «Әлемнің және Азияның ең үздік төрешісі» атағы берілді.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК COVID-19 ЖҰҚТЫРҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 526 МЛН АДАМҒА ЖЕТТІ, КӨБІ АҚШ (83,4 МЛН), ҮНДІСТАН (43,1 МЛН), БРАЗИЛИЯ (30,8 МЛН) ЖӘНЕ ФРАНЦИЯДА (29,5 МЛН) ТІРКЕЛДІ

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ 2022–2023 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамының және осыған сәйкес тұлғалардың бос лауазым орындарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. Педагогика-психология институты:

1.1. «Теориялық және практикалық психология» кафедрасы: қауымдастырылған профессор м.а. – 4, аға оқытушы – 5.

1.2. «Жалпы және әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасы: аға оқытушы – 5.

1.3. «Мектепке дейінгі және бастауышқа дайындау» кафедрасы: профессор м.а. – 1, қауымдастырылған профессор м.а. – 3, аға оқытушы – 9, оқытушы – 1.

1.4. «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы: бағдарлама көшбасшысы – 1, қауымдастырылған профессор м.а. – 1, аға оқытушы – 2.

1.5. «Арнайы педагогика» кафедрасы: профессор м.а. – 1, қауымдастырылған профессор м.а. – 2, аға оқытушы – 5, оқытушы – 1.

2. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар өнер институты:

2.1. «Музыка» кафедрасы: бағдарлама көшбасшысы – 1, доцент – 1, аға оқытушы – 5, оқытушы – 2.

2.2. «Кәсіптік білім» кафедрасы: бағдарлама көшбасшысы – 1, профессор м.а. – 1, қауымдастырылған профессор м.а. – 3, аға оқытушы – 1, оқытушы – 1.

2.3. «Хореография және арт-менеджмент» кафедрасы: бағдарлама көшбасшысы – 1, аға оқытушы – 3, оқытушы – 2.

2.4. «Кітапханатану және библиография» кафедрасы: қауымдастырылған профессор м.а. – 1, аға оқытушы – 2.

2.5. «Тарих» кафедрасы: аға оқытушы – 2.

2.6. «Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасы: қауымдастырылған профессор м.а. – 1, аға оқытушы – 3, оқытушы – 1.

3. Қазақ тілі және әлем тілдері институты:

3.1. «Қазақ тіл білімінің теориясы және әдістемесі» кафедрасы: профессор – 2, профессор м.а – 1, қауымдастырылған профессор – 1.

3.2. «Қазақ әдебиеті» кафедрасы: профессор м.а. – 1, қауымдастырылған профессор м.а. – 1, аға оқытушы – 2.

3.3. «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасы: профессор м.а. – 1, қауымдастырылған профессор м.а. – 1, аға оқытушы – 3, оқытушы – 1.

3.4. «Шетел тілін оқыту әдістемесі» кафедрасы: қауымдастырылған профессор м.а. – 2, аға оқытушы – 9, оқытушы – 8.

3.5. «Практикалық шетел тілдері» кафедрасы: аға оқытушы – 3, оқытушы – 2.

4. Физика, математика және цифрлық технологиялар институты:

4.1. «Физика» кафедрасы: қауымдастырылған профессор м.а. – 1, аға оқытушы – 1, оқытушы – 2.

4.2. «Информатика және қолданбалы математика» кафедрасы: бағдарлама көшбасшысы – 1, қауымдастырылған профессор – 1, қауымдастырылған профессор м.а. – 1, аға оқытушы – 7, оқытушы – 3.

4.3. «Математика» кафедрасы: аға оқытушы – 5, оқытушы – 1.

5. Жаратылыстану институты:

5.1. «География» кафедрасы: қауымдастырылған профессор м.а. – 1, аға оқытушы – 3.

5.2. «Биология» кафедрасы: қауымдастырылған профессор м.а. – 3, аға оқытушы – 2, оқытушы – 5.

5.3. «Химия» кафедрасы: доцент – 1, қауымдастырылған профессор м.а. – 2, аға оқытушы – 2.

Жалпы біліктілік талаптары:

- **Институт кафедрасының бағдарламалық көшбасшысы:** «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сәйкестігі – БСН бойынша біліктілік деңгейі 8 (8.1; 8.2 деңгейшелері), 7 (7.1; 7.2 деңгейшелері), жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы (философия докторы), мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесінің болуы, білім беру ұйымдарында немесе ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы, мүмкіндігінше басқару менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың (куәліктің) болуы.

- **Профессор:** Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі; ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесінің, мамандығы бойынша философия докторы (PhD), мамандығы бойынша доктор дәрежесінің және профессор ғылыми атағының болуы. Ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі немесе мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес немесе басқарушылық жұмыс тәжірибесі. «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сәйкестігі – БСН бойынша біліктілік деңгейі 8 (8.1; 8.2 деңгейшелері).

- **Қауымдастырылған профессор (доцент):** Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі; ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), мамандығы бойынша философия докторы (PhD) немесе философия докторы (PhD) академиялық дәрежесі, мамандығы бойынша доктор дәрежесінің және профессор ғылыми атағының болуы. Ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі, мамандығы бойынша 5 (бес) жылдан кем емес. «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сәйкестігі – БСН бойынша біліктілік деңгейі 8 (8.1; 8.2 деңгейшелері).

- **Аға оқытушы:** Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі; ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінің; ғылым докторы, мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесінің; ғылым магистрі академиялық дәрежесінің немесе доктор (философия докторы) академиялық дәрежесінің болуы. Ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі немесе тиісті мамандық бойынша кемінде 3 (үш) жыл, оның ішінде оқытушы лауазымында кемінде бір жыл немесе мамандығы (кәсіби мамандығы) бойынша практикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл. «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сәйкестігі – БСН бойынша біліктілік деңгейі 7 (7.1; 7.2 деңгейшелері) немесе 8 (8.1; 8.2 деңгейшелері).

- **Оқытушы:** Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі; ғылым магистрі академиялық дәрежесінің болуы немесе жоғары білім (маман). Еңбек өтіліне талап қойылмайды, мамандығы (кәсіби мамандығы) бойынша практикалық жұмыс өтіліне артықшылық беріледі. «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сәйкестігі – БСН бойынша біліктілік деңгейі 7 (7.1; 7.2 деңгейшелері).

Ескерту:

- ағылшын тілінде сабақ беретін үміткерлерге ағылшын тілін білу талап етіледі (IELTS 6.0-ден төмен емес).

- ағылшын тілінен сабақ беретін үміткерлерге ағылшын тілін білу талап етіледі (IELTS 6.5-тен төмен емес).

Қажетті құжаттар тізімі:

1) «ҚазҰҚызПУ» КеАҚ қызметкері болып табылмайтын үміткер үшін:

- басшының атына өтініш;
- кадр есебі бойынша жеке іс-парағы;
- өмірбаяны;
- жоғары білімін растайтын диплом (қосымшасымен бірге), академиялық және ғылыми дәрежесінің нотариалды куәландырылған көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат;
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстыру үшін соңғы 5 жылдағы түпнұсқалары;
- соңғы 5 жылдағы ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (бар болса) (скриндер, патенттер және т.б.);
- ашық сабақты өткізу сапасы туралы кафедра қорытындысы;
- адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы сияқты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама;
- психиатриялық, наркологиялық және туберкулезге қарсы диспансерде есепке алудың жоқтығы туралы анықтама;
- алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат, флюорография суреті және санитарлық кітапша;
- жеке куәліктің көшірмесі; тұруға ықтиярхат немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі, босқынның куәлігі.
- еңбек кітапшасының куәландырылған көшірмесі (немесе еңбек өтілін растайтын басқа құжат);
- шет тілін білу деңгейін растайтын сертификаттар (болған жағдайда);
- профессор-оқытушылар құрамының бос лауазым орындарына орналасуға арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаны және/немесе ғылыми-зерттеу жұмысының жобасын таныстыру (электрондық түрде, көлемі 5 слайдтан аспайды).

2) «ҚазҰҚызПУ» КеАҚ қызметкері болып табылатын үміткер үшін:

- басшының атына өтініш;
- жеке куәлігінің көшірмесі;
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстыру үшін соңғы 3 жылдағы түпнұсқалары;
- шет тілін білу деңгейін растайтын сертификаттар (болған жағдайда);
- соңғы 3 жылда ЖОО-ның ғылыми хатшысымен расталған ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар тізімі (түпнұсқа);
- ашық сабақты өткізу сапасы туралы кафедра қорытындысы;
- соңғы 3 (үш) жылда атқарылған жұмысы туралы есеп;
- профессор-оқытушылар құрамының бос лауазым орындарына орналасуға арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаны және/немесе ғылыми-зерттеу жұмысының жобасын таныстыру (электрондық түрде, көлемі 5 слайдтан аспайды).

!!! Конкурсқа құжаттарды тапсыру мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 20 күнтізбелік күн!

!!! Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушының кәсіби қызметіне қатысты қосымша ақпаратты (KPI нәтижелері, мінездеме және басқалар) сұратуға құқылы.

!!! Құжаттарды kaldybayeva.safura@qyzpu.edu.kz электронды мекенжайға немесе 050000, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі 99, 126-кабинет мекенжайына жолдаңыз.

!!! Толық ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласуға болады: 8 747 2448515, 8 (727) 2370037.

А

«АҢСАҒАН СӘБИМЕН» ҚАЛАЙ БАЛА СҮЮГЕ БОЛАДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы Жолдауында «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасын бастап, экстракорпоралдық ұрықтандыруға квота санын жеті есе көбейтіп, 7 мыңға жеткізуді тапсырған болатын. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 6 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бағдарламаға қатысу жолдарын түсіндіреді.

БАҒДАРЛАМАҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Бағдарлама бедеулік диагнозы қойылған пациенттерге арналған. Оған отбасылық жұптар да, жеке адамдар да қатыса алады. Тек Қазақстан азаматы болуы және Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген медициналық талаптарға сәйкес келуі керек. Сондай-ақ, бағдарламаға қатысатын адам ерікті түрде жазбаша келісім береді.

Негізгі талаптар:

- репродуктивті жас – 18-ден 49 жасқа дейін;
- қалыпты соматикалық және эндокриндік көрсеткіштер;
- жоғары фолликулярлық резерв.

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА КВОТА БЕРІЛМЕЙДІ?

Мамандар үміткерді медициналық тексерістен өткізгеннен кейін экстракорпоралдық ұрықтандырудан бас тартуы да мүмкін. Ондай бірнеше мәселе ескеріледі:

- жатырдың туа біткен немесе жүре біткен ауытқулары;
- соматикалық және психикалық бұзылулар;
- аналық без ісіктері, жедел қабыну және кез келген локализация онкологиясы;
- денедегі қатерлі өскіндер.

ЖОЛДАМА ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

Бағдарлама аясында ЭКҰ-ға жолдама алу үшін алдымен тіркелген жері бойынша емханаға бару міндетті. Сол жерде үміткерді бедеулігі бар диспансерлік пациенттердің электрондық тізіміне қосады. Одан кейін тексерістен өтеді.

12 айдың ішінде емхана бейінді маманның қорытындысы негізінде пациенттің құжаттарын жоғары технологиялық медициналық қызметтер жөніндегі жергілікті комиссияға жібереді. Комиссия оң шешім шығарған жағдайда әйелді «Емдеуге жатқызу бюросы» порталына тіркеп, емшараға дайындық басталады.

Айта кетейік, «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша ЭКҰ процедурасынан жылына бір рет тегін өтуге болады. Талпыныс сәтсіз аяқталған жағдайда қайтадан кезекке тұруға мүмкіндік беріледі.

БИЫЛ ҚАНША КВОТА БӨЛІНДІ?

2022 жылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы алдын ала есептелген сома – 6,68 млрд теңге. Оған 7 000 ЭКҰ циклын қаржыландыру көзделген. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша 824 млн теңгеге барлығы 835 экстракорпоралдық ұрықтандыру жасалған.

КЛИНИКАНЫ ӨЗ БЕТІНШЕ ТАҢДАУҒА БОЛА МА?

Еліміздің 9 өңірінде 19 медициналық ұйым ЭКҰ қызметін ұсынады. Оның 18-і – жекеменшік ұйым. Ал, пациент экстракорпоралдық ұрықтандыру үшін клиниканы өз бетінше таңдауға құқылы.

Айта кетейік, «Аңсаған сәби» бағдарламасы 2025 жылға дейін жалғасады. Үміткерлерге донорлық аналық және аталық ұрықты пайдалануға мүмкіндік беріледі.

НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» объявляет конкурс на замещение вакантных должностей профессорско-преподавательского состава и приравненных к ним лиц на 2022-2023 учебный год:

1. Институт педагогики и психологии:

1.1. Кафедра «Теоретическая и практическая психология»: и.о. ассоциированный профессор – 4, старший преподаватель – 5.

1.2. Кафедра «Общая и социальная педагогика, и самопознания»: старший преподаватель – 5.

1.3. Кафедра «Дошкольного и начального обучения»: и.о. профессор – 1, и.о. ассоциированный профессор – 3, старший преподаватель – 9, преподаватель – 1.

1.4. Кафедра «Физическая культура и спорт»: программный лидер кафедры – 1, и.о. ассоциированный профессор – 1, старший преподаватель – 2.

1.5. Кафедра «Специальная педагогика»: и.о. профессор – 1, и.о. ассоциированный профессор – 2, старший преподаватель – 5, преподаватель – 1.

2. Институт социально-гуманитарных наук и искусства:

2.1. Кафедра «Музыка»: программный лидер – 1, доцент – 1, старший преподаватель – 5, преподаватель – 2.

2.2. Кафедра «Профессионального образования»: программный лидер – 1, и.о. профессор – 1, и.о. ассоциированный профессор – 3, старший преподаватель – 1, преподаватель – 1.

2.3. Кафедра «Хореографии и арт-менеджмента»: программный лидер – 1, старший преподаватель – 3, преподаватель – 2.

2.4. Кафедра «Библиотековедение и библиография»: и.о. ассоциированный профессор – 1, старший преподаватель – 2.

2.5. Кафедра «История»: старший преподаватель – 2.

2.6. Кафедра «Общественно-гуманитарные дисциплины»: и.о. ассоциированный профессор – 1, старший преподаватель – 3, преподаватель – 1.

3. Институт казахского языка и мировых языков:

3.1. Кафедра «Теория и методика преподавания казахского языка»: профессор – 2, и.о. профессор – 1, и.о. ассоциированный профессор – 1.

3.2. Кафедра «Казахская литература»: и.о. профессор – 1, и.о. ассоциированный профессор – 1, старший преподаватель – 2.

3.3. Кафедра «Русский язык и литература»: и.о. профессор – 1, и.о. ассоциированный профессор – 1, старший преподаватель – 3, преподаватель – 1.

3.4. Кафедра «Методика преподавания иностранных языков»: и.о. ассоциированный профессор – 2, старший преподаватель – 9, преподаватель – 8.

3.5. Кафедра «Практического иностранного языка»: старший преподаватель – 3, преподаватель – 2.

4. Институт физики, математики и цифровых технологий:

4.1. Кафедра «Физика»: и.о ассоциированный профессор – 1, старший преподаватель – 1, преподаватель – 2.

4.2. Кафедра «Информатика и прикладная математика»: программный лидер – 1, ассоциированный профессор – 1, и.о ассоциированный профессор – 1, старший преподаватель – 7, преподаватель – 3.

4.3. Кафедра «Математика»: старший преподаватель – 5, преподаватель – 1.

5. Институт естествознания:

5.1. Кафедра «География»: и.о. ассоциированный профессор – 1, старший преподаватель – 3.

5.2. Кафедра «Биология»: и.о. ассоциированный профессор – 3, старший преподаватель – 2, преподаватель – 5.

5.3. Кафедра «Химия»: доцент – 1, и.о. ассоциированный профессор – 2, старший преподаватель – 2.

Общие квалификационные требования:

- **Программный лидер кафедры института:** Соответствие профессионального стандарта «Педагог» – Уровню квалификации по ОРК 8 (подуровни 8.1; 8.2), 7 (подуровни 7.1; 7.2), высшее (послевузовское) образование, наличие ученой степень кандидата, доктора наук, доктора PhD (доктора философии), доктора PhD по профилю, опыт работы в организациях образования или научно-педагогической деятельности не менее 5 лет, желательно наличие сертификата (свидетельства) о прохождении курсов повышения квалификации по менеджменту образования.

- **Профессор:** Высшее (или послевузовское) образование; наличие ученой степени кандидата наук, доктора наук, доктора философии (PhD), степени доктора философии (PhD) по профилю, доктора по профилю и ученого звания профессора. Стаж научно-педагогической деятельности или по специальности не менее 5 лет, либо управленческий опыт работы. Соответствие профессионального стандарта «Педагог» – Уровень квалификации по ОРК 8 (подуровни 8.1; 8.2).

- **Ассоциированный профессор (доцент):** Высшее (или послевузовское) образование; наличие ученой степени кандидата наук, доктора наук, доктора философии (PhD), доктора (PhD) по профилю или академической степени доктора философии (PhD), доктора по профилю и ученого звания профессора. Стаж научно-педагогической деятельности, по специальности не менее 5 (пяти) лет. Соответствие профессионального стандарта «Педагог» – Уровень квалификации по ОРК 8 (подуровни 8.1; 8.2).

- **Старший преподаватель:** Высшее (или послевузовское) образование; наличие ученой степени кандидата наук; доктор наук, степени доктора PhD по профилю; наличие академической степени магистра наук или академической степени доктора (доктора философии). Стаж научно-педагогической деятельности или по соответствующей специальности не менее 3 (трех) лет, в том числе не менее одного года на должности преподавателя или стаж практической работы по специальности (профилю деятельности) не менее 5 лет. Соответствие профессионального стандарта «Педагог» – Уровень квалификации по ОРК 7 (подуровни 7.1; 7.2) или 8 (подуровни 8.1; 8.2).

- **Преподаватель:** Высшее (или послевузовское) образование; наличие академической степени магистра наук или высшее образование (специалист). Без предъявления требований к стажу, предпочтение стаж практической работы по специальности (профилю деятельности). Соответствие профессионального стандарта «Педагог» – Уровень квалификации по ОРК 7 (подуровни 7.1; 7.2).

Примечание:

- Кандидатам, преподающим дисциплины на английском языке, требуется знание английского языка (IELTS не ниже 6.0).

- Кандидатам, преподающим дисциплины английского языка, требуется знание английского языка (IELTS не ниже 6.5).

Перечень необходимых документов:

1) для претендента, не являющимся сотрудником университета:

- заявление на имя руководителя;
- личный листок по учету кадров;
- автобиография;
- нотариально заверенные копии дипломов о высшем образовании (с приложением), академической и учёной степени, документ об учёном звании;
- копии сертификатов о переподготовке и повышении квалификации (при наличии) и подлинники для сверки за последние 5 лет;
- список научных работ и изобретений (при наличии) (скрины, патенты и т.д.) за последние 5 лет;
- заключение кафедры о качестве проведения открытого занятия;
- справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении уголовного правонарушения: убийство, умышленное причинение вреда здоровью, против здоровья населения и нравственности, половой неприкосновенности, экстремистские или террористические преступления, торговлю людьми;
- справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления;
- справка об отсутствии учета в психиатрическом, наркологическом и противотуберкулёзном диспансере;
- документ о прохождении предварительного медицинского освидетельствования, снимок флюорографии и санитарная книжка;
- копию удостоверения личности; вид на жительство или удостоверение лица без гражданства, удостоверение беженца.
- заверенную копию трудовой книжки (либо иной документ, подтверждающий стаж работы);
- сертификаты, подтверждающие уровень знания иностранного языка (при наличии);
- презентация проекта по образовательной программе на замещение вакантных должностей профессорско-преподавательского состава и/или проекта научно-исследовательской работы (в электронном виде, объемом не более 5 слайдов).

2) для претендента являющимся сотрудником НАО «КазНацЖенПУ»:

- заявление на имя руководителя;
- копию удостоверения личности;
- копии сертификатов о переподготовке и повышении квалификации (при наличии) и подлинники для сверки за последние 3 (три) года;
- сертификаты, подтверждающие уровень знания иностранного языка (при наличии);
- список научных работ и изобретений (при наличии), заверенные Ученым секретарем вуза (подлинник) за последние 3 (три) года;
- заключение кафедры о качестве проведения открытого занятия;
- отчёт о проделанной работе за последние 3 (три) года;
- презентация проекта по образовательной программе на замещение вакантных должностей профессорско-преподавательского состава и/или проекта научно-исследовательской работы (в электронном виде, объемом не более 5 слайдов).

!!! Срок подачи документов на конкурс: 20 календарных дней со дня публикации объявления!

!!! Конкурсная комиссия вправе запросить дополнительную информацию, касающуюся профессиональной деятельности участника конкурса (результаты KPI, характеристику и другое).

!!! Документы направлять на электронный адрес kaldybayeva.safura@qyzpu.edu.kz или по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Айтеке би 99, кабинет 126.

!!! За более подробной информацией обращаться по телефонам: 8 747 2448515, 8 (727) 2370037.

А

ОҚУШЫЛАР ЕНДІ ЖАСЫРЫН ТҮРДЕ КӨМЕК СҰРАЙ АЛАДЫ

Білім және ғылым министрлігіне қарасты Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Балалар жылы аясында Bala Qorgau интернет-ресурсын іске қосты. Сөйтіп, мектептерде QR-коды және Bala Qorgau сайтының мекенжайы жазылған арнайы тақтайшалар орнатыла бастады.

QR-кодты сканерлеу арқылы оқушылар Bala Qorgau сайтына (bala.gov.kz) өтіп, өз сұрақтарын қоя алады. Оқушылар мен ата-аналар да жасырын түрде көмек сұрап, білім беру ұйымдарындағы заңсыз әрекеттер туралы хабарлауға мүмкіндік алады. Өтініш берушілердің аноним болып қалатынына кепілдік беріледі.

Бүгінгі күнге дейін Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының бірнеше мектебінде осы QR-тақтайшалар орнатылды. Алдағы уақытта олар басқа да білім беру ұйымдарында қойылады. Қазірдің өзінде 100-ден астам өтініш түскен, олар негізінен балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас мәселелеріне қатысты болыпты.

«Веб-сайт оқушыларды толғандыратын өзекті мәселелерді, сондай-ақ балалар құқықтарын бұзу фактілерін тез арада анықтауға көмектеседі. Бұл ресурс оқушылардың және олардың ата-аналарының құқықтық сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді», – деді Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Төрағасының орынбасары Элина Паули.

Сайттан оқушылар мен ата-аналар белгілі бір жағдайға тап болғанда өзін қалай ұстау керегі туралы кеңестер таба алады. Мысалы, жаңа достар табу, жаман ортаға тап болмау және т.б. туралы ақпараттар бар. Балалар сұрақты ашық та, жасырын да қоя алады. Ол үшін веб-сайтта өтініш қалдыру керек, кейін кеңесшілер кері байланыс жасап, балалар мен ата-аналарды мазалайтын сұрақтарға жауап береді.

Айта кетейік, білім саласындағы жаңалық бұл ғана емес. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов әлеуметтік осал отбасыдан шыққан балаларды қолдаудың жаңа тетіктерін ұсынды.

Мектептер бойынша: Биыл әлеуметтік осал отбасы балалары үшін мамандандырылған мектептерге түсуге жаңа 15%-дық квота енгізу туралы шешім қабылданды. Яғни, осындай отбасылардан шыққан 2 мыңнан астам бала жаңа квота бойынша БИЛ, Дарын және тағы басқа мектептерге оқуға түсе алады.

«15% – көп емес. Сол себепті мамандандырылған оқу орындары басшыларына мектептердің нәтижелеріне

әсер етеді деп алаңдауына негіз жоқ. Жоғары академиялық жетістіктері бар балалармен қарым-қатынас, қоршаған орта осы оқушыларға оң әсер етеді және олардың тез бейімделіп, білімдерін шыңдауына, оқуда жетістікке жете алатынына сенімім мол», – деп түсіндірді Асхат Аймағамбетов.

«Сандық (цифрлы) репетитор» жобасы қолға алынады. Жобаның мақсаты – әлеуметтік осал отбасыдан шыққан балаларға (500 мыңға жуық оқушы) апта сайын тегін математика, тіл немесе жаратылыстану пәндерінен кемінде 3 қосымша сабақ алу мүмкіндігін беру. БҒМ бұл орайда «Қазақстан халқы» қорынан осы жобаны қаржыландыруға қолдау көрсетуді сұрап отыр.

Колледждер бойынша: Биыл республикалық бюджеттен қосымша 45 мың грант бөлінді. Олар біліммен қамтуды арттыру мақсатында әкімдіктер мен жергілікті колледждерге беріледі.

Университеттер бойынша: Былтыр гранттарды бөлу кезінде алғаш рет әлеуметтік осал отбасыдан шыққан балаларға университетте оқуға квота енгізілді. Соның арқасында былтыр мүмкіндігі аз болғандарға енді мемлекет есебінен білім алу мүмкіндігі айтарлықтай артты.

Ауыл түлектерін қолдау бойынша: Биыл ауыл мектептері түлектерінің жоғары білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында олардың квотасын 35 пайызға дейін ұлғайту шарасы қолға алынды.

WEEKEND

WWW.QAZAQ1913.COM

2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҚАЙ ЕЛДЕРГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЙДЫ?



Дереккөз ▮ ҚР Ұлттық банкі
Инфографика ▮ Айнұр Қайратбекқызы

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

МЕНШІК ИЕСІ «МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ**
БАС ДИРЕКТОР **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**
БАС РЕДАКТОР **ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ **СИВИ МАХМУДИ**
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ **МАРЖАН ЖАМБАЙ**
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР **АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККҚЫЗЫ**
ШОЛУШЫЛАР **ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, ҚЫЗЖІБЕК ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ, МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ, АРУЖАН МҰХАНБЕТҚАЛИ**
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР **ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАН** – НҰР-СҰЛТАН, **СЕРІК ШАЙМАН** – ҚОСТАНАЙ
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ **САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ, ХҰСАЙЫН ҰӘЛИЕВ, ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА, САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ, ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАН**

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
A05A1D6, **Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 309 кеңсе** (редакция)
A25H9M7, **Береговая көшесі, 12 үй** (бас кеңсе)

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ

+7 (701) **505 48 48** **kazakh_2006@mail.ru**

ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

Халықаралық Алматы әуежайы
Алматы метрополитенінің барлық бекеттері
«Алматы-1» теміржол бекеті
«Алматы-2» теміржол бекеті
«Сайран» автобекеті

Б. Майлин к-сі, №02
«Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
Станционная к-сі, № 01
Абылай хан даң., № 01
Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮҢГІРШЕКТЕР

«Караван», «Kok tengri» (Алматы) **дүңгіршектері**

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ 21 000 ДАНА **ТАПСЫРЫС № 674/ 69**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») **және «Өмір-Нұр»** (Талғар, Қонаев к-сі, 18) **баспаханаларында басылды**

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді;
Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды;
Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді;
2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты;
Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады;
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді;
Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады

(А) жариялану ақысы төленген мақалалар

Әрине, біреудің ақшасын санау әдепсіздік болар. Бірақ, қарапайым отбасынан шыққан спортшылардың қалай табысқа кенелгені оқырманға қызық болса керек. Мысалы, күні кеше «Forbes» журналы бір жылда ең көп табысқа кенелген спортшылардың рейтингін жариялады. Американдық журналдың биылғы тізімінде 35 жастағы футболшы Лионель Месси көш бастап тұр. Аргентина ұлттық құрамасы мен «Paris Saint-Germain» француз клубының көшбасшысының жылдық табысы 130 млн долларды құрап отыр. Дегенмен, Лионель Месси де, әлі «аттан түспеген» басқа спортшылар да «спорттық ғұмырлары» қамшының сабындай ғана қысқа болатынын жақсы түсінеді. Сондықтан олардың басым бөлігі бір-бір кәсіптің құлағынан ұстаған. Бір ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін есімдерін табыс көзіне айналдырған спортшыларға тоқталады.

ЕСІМДЕРІН ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН СПОРТШЫЛАР





«AIR JORDAN» АЯҚ КИІМІ

«PELE» КОФЕСІ

«SUGARPOVA» ТӘТТІСІ

«DAVID BECKHAM» ИІС СУЫ

Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ

«PELE» КОФЕСІ

Пеле *(Эдсон Арантис ду Насимент)* – есімін брендке айналдырып, одан табыс тапқан әлемдегі тұңғыш спортшы. Бразилия сапында футболдан үш рет әлем чемпионы *(1958, 1962, 1970)* болып, «Футбол патшасы» атанады. Содан атағы жер жарып тұрғанын пайдаланып, «темірді қызған кезінде соғады». Яғни, аяғынан нық тұра алмай жатқан бразилиялық «Cacique» компаниясына өзінің атақты атын пайдалануды ұсынады. Содан 1972 жылы футболшы кофе шығаратын компаниямен келісімге қол қояды. Бұл келісімнен екі тарап та қыруар қаржыға кенеледі. Өйткені, «Pele» кофесі ішкі де, сыртқы да нарықта үлкен сұранысқа ие болады. Келісім бойынша «Cacique» компаниясы Пелеге 70 млн доллар көлемінде қаламақы төледі. Қазірдің өзінде әрбір ішілген кофенің кесесі үшін күзде 82 жасқа толатын футболшының қалтасына қосымша ақша түсіп тұр.

«AIR JORDAN» АЯҚ КИІМДЕРІ

Атағы жер жармай тұрғанда, 1984 жылы «Nike» фирмасы *(сол тұстағы)* 21 жастағы баскетболшы Майкл Джорданмен келісімшартқа отырады. Сол бойынша әйгілі фирма «Air Jordan» атымен арнайы спорттық аяқ киім *(кроссовка)* тігеді. Бастапқыда оның бағасы 100 доллар болса, қазір спорттық аяқ киімнің құны 2 мың долларға дейін жетеді. Атағы жер жаратын баскетболшы атақты фирмамен өмірінің соңына дейін келісімшартқа отырған. Соның арқасында 59 жастағы американдық баскетболшы жыл сайын 80 млн долларға қалтасын қалыңдатып келеді. Яғни, екі дүркін Олимпиада чемпионы 20 жыл бұрын үлкен спортпен қоштасса да, бұл оған тұңғыш миллиардер спортшы атануға кедергі келтірмеді. Тіпті, қазір де ең бай спортшылардың көшін бастап тұр.

«RF» БАС КИІМДЕРІ

Майкл Джорданмен келісімшартқа қол қойған «Nike» фирмасы 2006 жылдан бері швейцар теннисшісі Роджер Федерермен де әріптес саналады. Елу жылдан астам бай тарихы бар американдық фирма «RF» атауымен бас киімдер (бейсболка) мен түрлі спорттық киімдер шығарады. Спорт тарихындағы ең мықты теннисшіге есімін қолданғаны үшін «Nike» фирмасы жыл сайын 26 млн доллар төлейді. Оның сыртында 41 жастағы Роджер Федерер «Credit Suisse», «Mercedes-Benz» және «Rolex» компанияларының амбассадоры болғаны үшін де жылына 86 млн доллар табыс табады.

«CR7» КИІМДЕРІ

Басқа әріптестеріне қарағанда Криштиану Роналду өзінің брендін қалыптастырды. 37 жастағы футболшы «CR7» брендімен шұлықтан іш киімге, сөмкеден иіс суға дейін шығарады. Жалпы, аты аңызға айналған футболшының үш табыс көзі бар: футбол, жарнама және бизнес. Бір қызығы, қазір футбол оның басты табыс көзі саналмайды. Мысалы, футболшы бүгінде ағылшындық клубтан жылына 60 млн доллар жалақы алады. Мықты футболшы мықты кәсіпкерге де айналған. Мадрид (Испания), Лиссабон, Фуншал (Португалия), Монте-Карло (Монако) қалаларында қонақ үй желісі бар. Жарнамадан табатын табысы өз алдына бөлек әңгіме. Өйткені, оның бір ғана Instagram парақшасына 445 млн адам жазылған. Әр постында жарнама бар. Ал, «Cristiano Ronaldo» есімі бұрыннан «CR7» сауда белгісімен танылған қымбат бренд. Байлығының басым бөлігін осы әлемге әйгілі атының арқасында табады. Онымен келісімшартқа отыруға асыққан компаниялар көп. 2016 жылы футболшы «Nike» фирмасымен ақтық демі таусылғанша күшін жоймайтын келісімге отырған үшінші спортшы атанды. Футболшының алдында баскетболшылар Леброн Джеймс пен Майкл Джордан ғана осындай құрметке ие болған еді. Атақты фирма футболшының жеке шотына өмірінің соңына дейін жылына 23 млн еуро аударып тұрады. Мұндай келісім итальяндық бренд «Armani»-мен де бар. Олар жылына 1 млн еуро төлейді.

«DAVID BECKHAM» ИІС СУЛАРЫ

47 жастағы ағылшын футболшысы Дэвид Бекхэмді «Spice Girls» тобында ән шырқаған әйелі Виктория Адамс кезінде «David Beckham» брендімен тауарлар шығаруға итермелейді. Олар шығарған киім-кешекке, арақ-шарапқа, көзілдірікке қарағанда иіс сулары үлкен сұранысқа ие болды.

«TGR» МЕЙРАМХАНАСЫ

46 жастағы американдық гольфшы Тайгер Вудс қазір кәсіби спортқа хобби ретінде қарайды. Өйткені, оның табысы спорттан емес, жарнамадан құралады. 1996 жылдан бері 2,1 млрд доллар табыс тапқан. Жарнамадан жылына 30 млн доллар пайда табады. «TGR» атауымен өзінің мейрамхана желісі тағы бар.

«SUGARPOVA» ТӘТТІЛЕРІ

Бұрын допинг қолданғанын мойындаған ресейлік теннисші Мария Шарапова 2016 жылы үлкен спортпен қоштасты. Дегенмен, үлкен спорттан кетсе де, допинг қолданғанын мойындаған спортшыға қызығушылық арта түсті. Осыны сәтті қолданған орыс қызы тәттілер шығаратын фабриканы құрды. Кезінде өз брендін қалыптастыруға 500 мың долларға шығындалған 35 жастағы теннисші қазір жылына 10 млн доллар пайда табатын жағдайға жетті.

ТОП-07: ӘЛЕМНІҢ ЕҢ БАЙ СПОРТШЫЛАРЫ

№	Аты-жөні	Мемлекет	Байлығы	Спорт
01	Майкл Джордан	АҚШ	2,62 млрд $	Баскетбол
02	Тайгер Вудс	АҚШ	2,11 млрд $	Гольф
03	Джек Никлаус	АҚШ	1,38 млрд $	Гольф
04	Криштиану Роналду	Португалия	1,24 млрд $	Футбол
05	Флойд Мейвезер	АҚШ	1,21 млрд $	Бокс
06	Леброн Джеймс	АҚШ	1,17 млрд $	Баскетбол
07	Лионель Месси	Аргентина	1,14 млрд $	Футбол

Дереккөз Sportrico | **Инфографика** Айнұр Қайратбекқызы

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТІМІЗДІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗДАР!

ҒҰМЫРЫ ҒИБРАТҚА ТОЛЫ АЗАМАТ ЕДІ...

Ертеде өткен бір ғұлама «Бұл дүние есігін ашқан әрбір адамзат баласының үш түрлі өмірлік міндеті болады. Оның біріншісі – ұрпақ өсіріп, әулет санын көбейту, екіншісі – ғибратты ғұмыр кешіп, шәкірт тәрбиелеу болса, үшінші міндет – халқына адал қызмет ету» деген ұлағатты сөз қалдырыпты. Осы орайда адалдық пен азаматтықтың үлгісіндей бола білген Орынбай Айтбайұлы саналы өмір жолында азаматтық парызын абыроймен атқара білген жан деп ой түюге болады.

Бұған негіз де жоқ емес. Ол – салиқалы ұрпақ өсірді, ол – білімі мен қажырқайратын ел игілігі үшін жұмсай білді.

Орынбай Айтбайұлын талайлы тағдыр сан сынаққа алса да, өзінің пайымы мен парасаты, көрегендігі мен кішіпейілдігінің арқасында ел алғысына бөленді. Адал еңбегімен абырой биігіне көтерілді.

Әулие қонып, нар шөккен Түркібасы өңірі халқымыздың бағына туған талантты тұлғалары мен даңқты перзенттері дүниеге келген аймақ. Түркібасы – ұлысымыздың ұйытқысына, берекеміз бен бірлігіміздің ұстынына айналған атырап. Қазақтың қастерлі мекенінде туып, ғұмыр кешкен Орынбай ақсақалдың ізгілікті істері ел жадынан өшпек емес.

Тамырын тереңге жайған әулеттің алып бәйтерегіне айналған Орынбай сияқты қазыналы қарияларымыздың өмірі өскелең ұрпаққа – үлгі, кейінгі буынға – өнеге болып қала бермек.

Мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғылымдар докторы, меценат Қайрат Айтбайға әкесі Орынбай Айтбайұлының қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтамын.

Жандар АСАН